



ПРЕЗИДЕНТ

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ КИЕЛІ БОЙТҰМАРЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде өткен Мемлекеттік Ту көтеру рәсіміне қатысты. Құрмет қарауылының бастығы салтанатты іс-шараға дайындығы туралы Президентке рапорт берді. Содан кейін еліміздің әнұраны шырқалып, көк байрағымыз көтерілді. Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл еліміз үшін мән-маңызы айрықша мереке екеніне тоқталды.

— Ұлт рәміздері — Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Әнұран — мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Кастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады. Сондықтан біз осы мейрамға орай жыл сайын көк Туымызды биікке көтеріміз. Бабаларымыз «Туынды тік ұста!» деп өсиет қалдырды. Осы аманатқа адал болу — баршаға ортақ парыз. Бүгінде көк байрағымыз кастерлі Отанымыз — Қазақстанның бейбіт аспанында желбіреп тұр. Оны кейінгі ұрпаққа табыстау — қасиетті борыш, — деді Президент. Мемлекет басшысының айтуынша, қазір көк Туымыздың беделін бүкіл әлем мойындайды. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны альпинистеріміз жер шарындағы ең биік шыңдарға көтерді. Спортшыларымыз талай мәрте жеңіс тұғырына шығарды. — Биыл жауынгерлеріміз бітімгерлік миссиясын көк байрақтың астында тұнғыш рет дербес орындап келді. Азаматтарымыздың, мемлекетіміздің осындай жетістіктері Қазақстанның қуатты әрі жасампаз ел екенін көрсетеді. Мемлекеттік рәміздер — ел мақтанышы. Елтаңба-



мыз, көк Туымыз бен Әнұранымыз әр азаматтың жүрегінен ерекше орын алады.

Бұл — нағыз отаншылдық белгісі. Ұлт нышандары — халқымыздың болмыс-бітімінің айнасы, жарқын болашағымыздың кепілі, — деді Мемлекет басшысы.

Президент биыл мемлекеттілігіміздің берік тірегі — Ата Заңымыздың қабыл-

данғанына 30 жыл толатынын еске салды.

— Негізгі заң біздің қоғам арқа сүйейтін басты қағидаттардан тұрады. Конституция арқылы заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етіп, ауқымды өзгерістерді кезең-кезеңімен қолға алып жатырмыз. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрқайсысымыз үлес қосып келеміз. Бізді көк паспорттымыз, реформалардың жасампаз қуатына деген ортақ мақсат пен мызғымас сенім біріктіреді. Қазақта «Туы бірдің — түбі бір, жолы бірдің — жүгі бір» деген сөз бар. Еліміздегі түрлі этнос өкілдері көк байрақтың астында тұтасып, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біздің мүддеміз де, жолымыз да, мұратымыз да — ортақ. Бұл — Әділетті, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру. Осы береке-бірлігімізді сақтап, нығайта берсек, кез келген биікті бағындырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Президент оқуын үздік бітірген курсанттарға ту түбінде шен тапсыру жақсы дәстүрге айналғанын айта келіп, жас сарбаздарға сөз арнады.

— Көк байрақ жауынгерлерге айрықша күш-жігер береді, отаншылдық рухын көтереді. Осындай сәттерде әр азамат тұған елге қызмет ету перзенттің парызы екенін терең ұғынады. «Тұлпар мініп, ту алған» жаужүрек батырлардың ұрпағы екенін сезінеді. Отан күзетінде тұрған ұландарымызды баһадүр бабалардың бүгінгі ізбасары деуге болады. Кастерлі Туымызды әрдайым тік ұстаңыздар! Мен бұған кәміл сенемін!

Байрағымыз биікте желбіресін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! — деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты рәсімде Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Ішкі істер министрлігіне, Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты оқу орындарының 14 үздік түлегі Қазақстан Республикасы Президентінің — Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды.

Іс-шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарауылы ро-

талары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты түрде сап түзеп өтті.


Ту көтеру рәсіміне мемлекеттік органдардың басшылары, Парламент депутаттары, Ұлттық құрылтай мүшелері, «Халық қаһарманы» және «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегерлері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Чжэ Мёнді Корея Республикасының Президенті болып сайлануымен құттықтады.

Президент екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті жандандырып, түрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін күш-жігер жұмылдыруға дайын екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Чжэ Мённің аса жауапты қызметіне сәттілік, достас Корея халқына құт-береке тіледі.



ТАЗАЛЫҚ пен ӨРКЕНИЕТ — БІР ҰҒЫМ

Бүгін, 5 маусымда жаһан жұрты «Қоршаған ортаны қорғау күнін» атап өтеді. Қасиетті қара жер мен табиғатты Анаға теңеген қазақ халқы үшін аққан суға, жүгірген аң-құсқа қиянат жасамау, жайқалған көкті отамау ежелден келе жатқан экологиялық сана еді. Ұлт жадында сақталған экологиялық танымды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бастамасы қайта жаңғыртып, жаңа сипат берген жайы бар.



→ 4

АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

ЖАҚСЫ ЖАНДАР ЖОЛЫМДЫ АШТЫ

«Сендерге тарихты айтқаннан гөрі, өмірлік сабақ болатын оқиғамды айтқаным пайдалы» деп бастады әңгімесін белгілі тарихшы Қойшығара Салғараұлы. Сексен бестің белесінен асқан кемеңгер жазушы болашақ журналистермен кездесесіз дегенде бірден қуана келісті.



→ 6

5 МЫҢНАН АСТАМ ТУ ІЛІНДІ



Қазақстанда ең маңызды мерекелердің бірі — тәуелсіздікті, дербестікті және ортақ ұлттық бірегейлікті бейнелейтін Мемлекеттік рәміздер күні атап өтілуде. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран тек рәміздер емес, бұл — елдігіміздің, оның асқақ рухының, тарлан тарихының жарқын көрінісі.

→ 3



ҚҰРБАН АЙТ — МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Алла қаласа, биыл қасиетті Құрбан айт мерекесі 6 маусымда басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар алыс та жақын мұсылман елдерінің ғұламаларымен, пәтуа шығару орталықтарымен кеңесіп, осындай пәтуа қабылдады.

Мұсылманша қасиетті зұлхижа айының алғашқы он күнінде барынша ынтымамен ғибадат етіп, көбірек ізгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысқан абзал. Өйткені қасиетті халис-шарифтерде осы айда орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған.

→ 5

СЕНАТ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ



Сенаттың YouTube арнасында Taldau Talks подкасының жаңа шығарылымы жарияланды. Кезекті шығарылымҚазақстанда цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту тақырыбына арналды. Сұхбат барысында қол жеткізілген нәтижелермен бірге data-орталықтарды дамыту, цифрлық теңсіздікті жою, IT кадрлар даярлау және заманауи AI технологияларды енгізу сияқты жаңа міндеттер де сөз болды.

Талқылауға Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастамашы болды. Подкастка Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, inDrive компаниясының негізін қалаушы және бас директоры Арсен Томский, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ Басқарма төрағасы Әсел Жанасова қатысты.

Палата Спикері атап өткендей, цифрландыру жаңа технологияларды енгізуді ғана емес, өмірдің барлық саласын жүйелі түрде өзгертуді көздейді. «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстанды жасанды интеллект кенінен қолданылатын және цифрлық технологиялардың дамуына жағдай жасалған Еуразияның цифрлық хабына айналдыруды міндет етіп жүктеді.

ЖӨН ЕКЕН!

Астанада Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) және Қытай қоғамдық ғылымдар академиясының Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азия институты (ҚҚҒА) ұйымдастырған «Орталық Азия – Қытай: аймақтық серіктестіктің жаңа көкжиектері» талдау орталықтарының V форумы өтті.

АЙМАҚТЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Форум жұмысына Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан елдерінен жетекші аналитикалық орталықтардың, мемлекеттік құрылымдардың, ғылыми мекемелер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Қытай мен Орталық Азия елдерінің «ақыл-ой орталықтары» форумдары 2021 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді. Бұл сарапшылық қауымдастықтың саяси деңгейде шешімдер қабылдауға ықпал етудегі өсіп келе жатқан рөлін көрсетеді.

Биылғы форумның күн тәртібінде Орталық Азия мен Қытай арасындағы өзара іс-қимылдың стратегиялық архитектурасын қалыптастыру, транзиттік дәліздерді дамыту, сондай-ақ цифрландыру, жасанды интеллект және инновациялық экожүйелерді құру салаларындағы технологиялық ынтымақтастық мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Алқалы жиында сөз сөйлеген Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин көпжақты диалогты нығайтудың маңыздылығына тоқталып, Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыс қарқынды дамып келе жатқанын айтты. Сондай-ақ таяу арада Астанада өтетін «Қытай – Орталық Азия» саммитінің екінші отырысы осының бір дәлелі екенін атап өтті. Ерлан Карин Қазақстан мен Қытай

Бұл — биік, дегенмен қол жеткізуге болатын нақты мақсат. Оны іске асыру үшін кәсіби кадрларға, заманауи инфрақұрылымға және тиімді жасанды интеллект шешімдеріне сүйене отырып, толыққанды цифрлық экожүйе қалыптастыруымыз керек. Сонда ғана қазіргі жаңа технологиялар заманында өзіміздің лайықты орнымызды ала аламыз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Подкаст барысында KazLLM ұлттық тіл моделін құруға, Alem AI Халықаралық жасанды интеллект орталығын іске қосуға, елімізде data-орталықтар желісін дамытуға және Қазақстанға аймақтағы ең қуатты суперкомпьютерлердің бірінің жеткізілуіне қатысты мәселелер де талқыланды. Сондай-ақ қатысушылар цифрлық егемендік мәселелеріне, атап айтқанда, технологиялық тәуелсіздіктен бастап, отандық ЖИ

өнімдерін жаһандық нарыққа экспорттауға дейінгі жұмыстарға назар аударды.

«Қазір әлем ауқымды өзгерістердің табылдырығында тұр. Біз осы үдерістен тыс қалмауымыз керек. Жасанды интеллект үлкен мүмкіндіктермен бірге айтарлықтай сын-қатерлер де туғызатыны белгілі. Сондықтан бұл саланың дамуын адамдардың, елдердің және бүкіл адамзаттың игілігіне бағыттау — біріміздің ортақ міндетіміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Айта кетейік, Taldau Talks — ашық диалог алаңы. Онда ел дамуына қатысты маңызды мәселелер және Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді іске асыру жолдары талқыланады.

Подкастың толық нұсқасын мына сілтемесі арқылы көруге болады: <https://youtu.be/D-Zxb1UNq4g>



арасындағы ықпалдастықтың күшейе түскеніне назар аударды. Ол елімізде жүзеге асырылған реформаларға және даму жолындағы басым бағыттарға тоқталды.

ҚҚҒА Президенті Гао Сян форум қатысушыларына бейнеүндеуінде Қытай мен Орталық Азия аналитикалық орталықтарының форумы екіжақты механизм аясында құрылғанын және оның гуманитарлық байланыстарды нығайтуда, қоғамдық диалог орнатуда және прагматикалық ынтымақтастықты ілгерілетуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Қытайлық спикер қауіпсіздік, технологиялық және өнеркәсіптік даму, гуманитарлық алмасу салаларындағы ынты-

мақтастықтың маңыздылығына ерекше назар аударды.

«Болашақта біз білім беру, туризм, БАҚ, аналитикалық орталықтар, жастар мен мәдени қауымдастықтар, археология және спорт салаларында өзара әрекеттесу әлеуетін аша түсуіміз керек. Үкіметтер, бизнес, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар қатысатын көпдеңгейлі ынтымақтастық аландарын құруымыз қажет», — деп атап өтті Гао Сян.

Форумға қатысушылар Қытай мен Орталық Азия арасындағы серіктестіктің жаңа деңгейге аяқ басуда — институционализацияға, қауіпсіздік мәселелеріне, технологиялық, көлік-логистикалық ынтымақтастыққа, сондай-ақ адами капиталды дамытуға ерекше назар аударды.

МӘЖІЛІС

ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКА ОҢАЛАТЫН КҮН ЖАҚЫН

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Денсаулық сақтау министрлігінің, оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының халықты және денсаулық сақтау объектілерін дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету бойынша қызметінің тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері туралы Жоғары аудиторлық палатаның есебін тыңдады. Сонымен қатар орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері туралы, әскери-патриоттық тәрбие мәселелері жайлы заңдар екінші оқылымда қабылданып, «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру туралы Қазақстан-Ресей келісіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама ратификацияланды.



Мәжіліс «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының халықты және денсаулық сақтау объектілерін дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету бойынша қызметінің тиімділігіне аудит жүргізу» тақырыбындағы Жоғары аудиторлық палатаның баяндамасын назарға алды. Аудит нәтижесімен Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайылов таныстырды.

— 2024 жылы республикадағы фармацевтика нарығының көлемі 1,2 триллион тенге болса, оның 84 пайызын шетелде өндірілген өнімдер құрайды. Отандық компаниялар жеткізетін дәрі-дәрмектер ассортименті 968-ден 507-ге дейін, яғни 2 есеге жуық азайған. Өндірістің локализациясына және инвестициялық міндеттемелерге мониторинг жүргізілмейді. Бұл талаптарды формалды түрде орындауға және жағдайды теріс пайдалануға әкеледі, — деді Әлихан Смайылов.

Аудит дәрі-дәрмекті нарыққа шығару процедураларының шамадан тыс бюрократияланғанын және ұзақ уақыт алатынын анықтады. Бірыңғай дистрибьютор жаңа дәрі-дәрмекті сатып алу үшін ол бес түрлі тізбеге енгізілуі қажет. Қолдан жасалған шектеулер салдарынан сатып алудың басым бөлігі бір ғана өнім берушінің қатысуымен өткізіледі. Мұндай жағдай бағаның өсуіне әкеледі.

Сондай-ақ қазіргі сараптау, тіркеу және қадағалау тәртібінде олқылықтар бар, фармакологиялық қадағалау құралдары тиімсіз. Палата басшысы шарттардың дер кезінде жасалмауы мен жеткізу кестелерін сақтамау, дәрілік заттардың шығарылуы мен айналымын бақылау жүйелеріне қатысты басқа да бірқатар мәселені атап өтті.

Өз кезегінде Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов отандық фармацевтиканы жетілдіруге бағытталған ұсыныстарын айтты.

Депутат жаңа дәрілерді тіркеу мерзімін бір айға дейін қысқартуды, сондай-ақ клиникалық хаттамаларды дер кезінде қайта қарауды, тиімсіз дәрілерді алып тастауды және қажетті дәрілерді жедел енгізуді қамтамасыз етуді ұсынды.

— Шекті баға әлемдегідей 30 пайыздан аспауы керек. Баға белгілеу әдістемесін қайта қарау, «пайызға пайыз» қағидасын алып тастап, нақты шығындар мен халықаралық тәжірибені ескеру қажет. Жыл сайынғы максималды бағаларды автоматты түрде реттеу механизмін жаңарту, бағаны бақылаудың электронды жүйесін енгізу маңызды, — деді Асхат Аймағамбетов.

Сондай-ақ комитет басшысының айтуынша, «СК-Фармацияны» реформалау қажет. Яғни, логистиканы дамыту, бәсекелестік, есеп беру мен ашық ережелерді енгізу керек. «СК-Фармация» дәрілерді делдалдардан емес, тікелей зауыттардан сатып алуға тиіс. Дәрілік заттардың тапшылығын немесе артық болуын болдырмау үшін сатып алуды серпінді

жоспарлау механизмін енгізген жөн. Ашық цифрлық есеп беру жүйесін құру да маңызды. Осының бәрін ескере отырып, депутат қарапайым халықтың мүддесі басшылыққа алынуы керектігін, қауіпсіз, қымбат емес дәрілерге қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды екенін айтты.

Депутаттар денсаулық сақтау саласында Жоғары аудиторлық палата ұсынымдарының орындалмауы, азаматтарды дәрі-дәрмекпен уақытты қамтамасыз ету үшін заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттілігі, фармакология саласындағы отандық жобалардың нарыққа тиімсіз енгізілуі, тіркелмеген дәрілік заттар мен субстанцияларды сатып алу және әкелу кезінде дәрілік заттардың шығу тегіне бақылаудың жоқтығы және басқа да мәселелерді көтерді. Жиын барысында айтылған депутаттардың сұрақтары мен ұсыныстары қорытынды ұсынымдарда жинақталып, Үкіметке жолданып болады.

Талқылау қорытындысы бойынша Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы отандық фармацевтика өнеркәсібін дамытудың маңыздылығын үнемі атап келетінін, осыған орай депутаттық корпус салаға заңнамалық тұрғыдан қажетті қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Бұл ретте палата Спикері Мемлекет басшысының 2025 жылға қарай отандық өндірістегі дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың үлесін 50 пайызға дейін жеткізу жөніндегі мақсат орындалмағанын атап өтті.

— Көріп отырғанымыздай, дәрі-дәрмекпен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету деңгейін арттыру бойынша міндеттер әлі де жеткілікті. Сала жүйеленген тәсіл мен неғұрлым озық көзқарасты талап етеді. Есепті тыңдау қорытындысы бойынша біз Үкіметке, уәкілетті органдар мен өкімдіктерге ұсынымдар дайындадық. Депутаттар саладағы жағдайды жақсарту бойынша нақты шаралар ұсынды. Үкімет бүгінгі талқылау қорытындысы бойынша депутаттардың барлық ұсынысын ескеруі қажет. Өз тарапымыздан қажетті көмек көрсетуге дайынбыз, — деді Е.Қошанов.

Жалпы отырыс барысында Мәжіліс Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасындағы 2004 жылғы 22 желтоқсандағы «Байқоңыр» ғарыш аялағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялап, Сенаттың қарауына жіберді. Құжат бойынша Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндама жасады.

Хаттама арқылы ұшу сынақтарының басталу күнін 2025 жылдың желтоқсанына ауыстыру туралы түзету енгізіледі. Сондай-ақ Ресей тарапының 2028-2039 жылдар аралығы кезінде «Бәйтерек» кешенінен жылына кепілдендірілген ұшу саны екіден үшке дейін ұлғайтылады. Бұл жобаның өтелуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Өзгерістер салықтық преференцияларға да қатысты.

Жұмыс тобының жетекшісі Болат Керімбек бұл жобаны жүзеге асырудың қаржы тарту, ғарыш

айлағының инфрақұрылымы мен кадрлық әлеуетін сақтау үшін маңызды зорекенін атап өтті. «Бәйтерек» кешенін уақтылы пайдалануға беру Қазақстанға ғарыш аппараттарын әзірлеу мен жасаудан бастап оларды «Бәйтерек» кешенінен ұшыруға дейін тиімді коммерциялық құрылымы бар толыққанды ғарыш саласын құруға мүмкіндік береді.

Мәжіліс депутаттардың бас-тамасымен әзірленген орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша заңды екінші оқылымда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі Ерболат Сатыбалдин заңда стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы және гидротехникалық құрылыстарды, селден, қар көшкінінен, көшкіндерден қорғайтын басқа да құрылыстарды салу және пайдалану үшін суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын, ғылыми-зерттеу және оқу орындарының тәжірибелік алқаптарының жерлерін, орман және су қорын алып қоюға рұқсат берілетінін айтты.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шекарасында орналасқан және оларды құру мен кеңейтуге дейін жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау және білім беру объектілерін, зираттарды, көріздік тазарту құрылыстарын, электр беру желілерін пайдалану үшін олардың нысаналы мақсатын өзгертпей беруге рұқсат етіледі. Сондай-ақ инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету желілерінің коммуникацияларын салу үшін мемлекеттік орман қоры жерлерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру да мүмкін болады. Құжатта қоршаған орта мен орманды қорғау саласындағы қызметкерлердің жұмысын реттеуге бағытталған және басқа да түзетулер қарастырылған.

Әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң екінші оқылымда қабылданды. Жұмыс тобының жетекшісі Юлия Кучинская жаңа нормалар азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің маңыздылығын арттыруға бағытталғанын жеткізді. Түзетулер аясында білім беру ұйымдарындағы әскери дайындық жетілдіріледі. Білім беру ұйымдарында, оқушылар сарайларында, әскери бөлімдерде жұмыс істейтін әскери-патриоттық клубтар, үйірмелер қосымша білім беру аясында өз қызметін жүзеге асыра алады.

Сонымен қатар әскери қызметтің де беделі артады. Енді әскери борышын өтеуге міндетті Қазақстан азаматтары әскери дайындықтан емес, тұрғылықты жері бойынша әскери дайындықтан өте алады. Әскери есепке алу автоматтандырылып, азаматтарды әскери қызметке шақыру жетілдіріледі. Осылайша, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жасақталуы ұлғайтылады. Сондай-ақ Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мемлекеттік қораныс тапсырысы аясындағы функциялары Қорғаныс министрлігіне беріледі.

БАҒДАР

5 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЕЛДІКТІҢ АСҚАҚ РУХЫ

Қазақстанда ең маңызды мерекелердің бірі – тәуелсіздікті, дербестікті және ортақ ұлттық бірегейлікті бейнелейтін Мемлекеттік рәміздер күні атап өтілуде. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран тек рәміздер емес, бұл елдігіміздің, оның асқақ рухының, тарлан тарихының жарқын көрінісі.

5 МЫҢНАН АСТАМ ТУ ІЛІНДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жалпұлттық бірлікті нығайтудағы мемлекеттік рәміздердің ерекше рөлін әркез айтып келеді. Себебі олар біздің басты құндылықтарымыз бен мәңгілік мұратымызды айғақтайды, азаматтардың елге деген шынайы мақтаныш сезімін оятады.

Мерекеге орай «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының бастамасымен ауқымды акция өтті: ел аумағында 5 мыңнан астам Ту ілінді, ал іс-шараларға ондаған мың отандасымыз қатысты. Көшелерде, үй ауласында және тіпті аттракциондарда Ту ілінген мыңдаған фотосурет пен бейнежазба әлеуметтік желілерде жарияланды. Астанадағы «AMANAT» партиясы Орталық аппаратының ғимаратында көлемі 24х12 метрді құрайтын мемлекеттік Ту ілінді. Ал Ақтауда белсенділер қалалық саябақтағы шолу дөңгелегіне 20 Ту іліп қойды. Барлық аймақта партия филиалдары волонтерлердің және жергілікті тұрғындардың күш-жігерін біріктіріп, бұл күнді нағыз жалпыхалықтық күнге айналдырды.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова «Менің елім – менің Туым» акциясы төртінші жыл өткізіліп жатқанын және бұл



іс-шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туын дөріптеуге бағытталғанын атап өтті.

«Аспан түстес көк байрақ көкте желбірегенде әрқайсымыздың жүрегімізде мақтаныш сезімі оянады. Бұл акция – бірлікке, елге деген құрметке үндейді. Тудағы әр элементтің өзіндік мәні бар. Көк аспан, жарық күн, қалықтаған бүркіт әркез халық арасында зор құрметке ие. Көп азамат Туды балконға іледі, әлеуметтік желілерде фотосуреттерімен бөліседі. Бұл Отанға деген шынайы сүйіспеншілікті білдірудің бір жолы», – деді ол.

Патриоттық акцияға танымал тұлғалар – әртістер, спортшылар, қоғам қайраткерлері де қосылды. Олардың қатарында әнші Ибрагим Ескендір, Jaidarman қозғалысының негізін

қалаушы Есен Елеукен, тележүргізуші Айкерім Есенәлі, футболшы Давид Лория, хоккейші Әлихан Әсетов, блогер Айтым Жақыпов, журналист Санди Сұлтан, тележүргізуші



Дарын Олжабай, сценарист Ұлжан Ибраим, психолог Ержан Мырзабаев, кәсіпкер Ернар Оклан, қара күш иесі Сергей Цырульников және өзге де азаматтар болды.

«AMANAT» партиясы мемлекеттік рәміздерді құрметтеу қарапайым әрекеттерден басталатынына сенімді. Ту ілу бойынша ауқымды акция – белсенді азаматтық ұстанымды және елге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру қадамдарының бірі. Мемлекеттік рәміздер күні – күнтізбедегі атаулы күн ғана емес. Бұл – Қазақстанның жарқын болашағына деген ортақ жауапкершілігімізді және көк байрақ астында бойға бітетін күш-жігерімізді, бірлігімізді еске салады.

БІРЛІК НЫШАНЫ – БИІКТЕ



Мемлекеттік рәміздер күніне орай Астанадағы «AMANAT» партиясы Орталық аппараты ғимаратының қасбетіне көлемі 24х12 метрді құрайтын мемлекеттік алып Ту ілінді.

Партия белсенділерінің бастамасымен жүзеге асырылған «Менің елім – менің Туым» акциясы ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың жарқын үлгісіне айналды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, аспан түстес көк байрақ бостандықты, бейбітшілікті пен бірлікті бейнелейді. Сондай-ақ ол азаматтардың жүрегінде мақтаныш сезімін оятып, патриотизмге үндейді.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясы төрт жыл қатарынан «Менің елім – менің Туым» республикалық акциясын өткізуде. Соның аясында ел аумағында мыңдаған Ту ілінуде.

Биыл Шымкент қаласындағы Ту көтеру рәсімі мен салтанатты жиын Ту тұғыры алаңында өтті. Мемлекеттік рәміздер күніне орай өткізілген іс-шараға қала әкімі Ғабит Сыздықбеков, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, жастар қатысты.

ТҰРҒЫНДАР РУХЫН КӨТЕРДІ

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Алаңға қаланың түкпір-түкпірінен ақсақалдар, студенттер, мәслихат депутаттары, әртістер, ұстаздар, балаларымен келген аналар жиналды. Мыңдаған дауыс бір арнаға тоғысып, бұл хорда құрмет, мақтаныш және Отанға деген сүйіспеншілік сезілді.

Әнұран орындалмас бұрын алаңда мерекелік шеру өтті. Көк байрақтың жүздеген үлкен және шағын нұсқалары желбіреп, алаңды рухқа бөлеп өтті. Артынша кенет тыныштық орнап, сол сәтте жүректер үндескендей, Әнұран шырқалды.



Мерекелік шаралар түстен кейін арбатта жалғасты. Мұнда шығармашылық сайыстың: әлеуметтік желілердегі үздік жарияланым, бейнеролик, іс-шара және сурет номинациялары бойынша байқау жеңімпаздары анықталады. Ерекше атап өтерлігі – суретшілер өз туындыларын сол жерде, көрермендердің көз алдында салды.

Кешке ShymCity саябағында мерекенің жарық шоу-презентациясы болды. Мемлекеттік рәміздердің тарихы заманауи технологиялар арқылы музыкалық фонтанда бейнеленді. Сонымен қатар амфитеатрда патриоттық әндер-кеші өтті.

КӨК БАЙРАҚ КӨКТЕ ҚАЛЫҚТАП



Қарағандыдағы Ту тұғыры алдындағы алаңда қала тұрғындары мен қонақтары Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтті. Мерекеге мектеп оқушылары, кадеттер, студенттер, еріктілер, ардагерлер, қоғам өкілдері мен шығармашылық ұжымдар қатысты. Үш мыңнан астам адам Әнұранды орындады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мерекеге қатысушыларды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтады.

— Бүгінде Қазақстанның рәмізі бүкіл әлемге танымал, бұл өз елімізге деген мақтаныш тудырады, отаншылдыққа тәрбиелейді. Әрбір азамат өз елінің патриоты

Мемлекеттік рәміздер күніне орай «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері Kazakhstan Speedcubing Federation командасымен бірлесіп Астанада ерекше патриоттық акция өткізді. Олар елордадағы Нұржол бульварында үш мыңнан астам Рубик текшелерінен мемлекеттік Елтаңба бейнесін жасады.

РУБИК ТЕКШЕЛЕРІНЕН ЖАСАЛҒАН ЕЛТАҢБА



«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерованың айтуынша, мұндай креативті акциялар отандастарымыздың елге деген мақтаныш сезімін ояту, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін нығайту және белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

«Мемлекеттік Елтаңбаның мән-мағынасы тереңде жатыр. Онда халқымыздың ғасырлар бойғы тарихы көрініс тапқан. Шаңырақ – бейбітшілік пен келісімді, тұлпар – күш-қуат пен еркіндікті, ал бес бұрышты жұлдыз болашаққа деген көзқарасымызды бейнелейді. Біз қалыптан тыс тәсілдер арқылы патриотизм құндылықтарын насихаттауға тырысамыз. Жастарымыз мемлекеттік рәміздермен рухани байланыс барын сезініп, оларды мақтан тұтса екен дейміз. Осындай акциялар азаматтардың Отанға деген сүйіспеншілігін, ел ертеніне деген жауапкершілік сезімін оятады», – деді ол.

Көлемі 4х3 метрлік панноны құрастыруға үзіліссіз 10 сағат уақыт жұмсалды. Әр текше алдын ала тексеріліп, түс алгоритміне сәйкес тандалды. Нәтижесінде, Тәуелсіз Қазақстанның символына айналған Елтаңбаның дәлме-дәл, пиксельді бейнесі әзірленді. Спидкубинг чемпионы және Kazakhstan Speed-

cubing Federation ұйымының жетекшісі Әлихан Ертісұлының айтуынша, мұндай жобалар аса жоғары зейін мен команданың үйлесімді жұмыс істеуін талап етеді.

«Эскиз жасау жұмысын алдын ала бастадық: арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен Елтаңбаның пиксельді үлгісін әзірлеп, оны бөліктерге бөлдік. Мұндай ауқымды дүниені құрастыру жұмысы аса жоғары жауапкершілікті талап етеді. Алайда бұл біздің алғашқы тәжірибеміз емес. Елорда тұрғындары мен қонақтарына ерекше әрі әсерлі туынды сыйлай алғанымызды мақтан тұтамыз. Жалпы, Рубик текшесі – ақыл-ойды, моториканы, қимыл-қозғалысты үйлестіруге және барынша зейінді болуға арналған таптырмас жаттығу құралы», – деді ол.

Айта кетейік, «Жастар Рухы» жастар қанаты өскелең ұрпақ арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды дәстүрлі түрде өткізеді. Мәселен, зияткерлік сұрақ-жауаптар, әлеуметтік желілерде челленджер, флешмобтар, мерекелік концерттер және ел жастарын бірліктің, Тәуелсіздіктің және Отанға деген сүйіспеншіліктің негізгі идеялары төңірегінде топтастыратын креативті акциялар ұйымдастырады.

Елнар ЕЛТАЙ

5 МАУСЫМ – ЭКОЛОГ КҮНІ

5 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ



А Айхан ШӘРІП

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЕЛ БЕДЕЛІН
АРТТЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған бұл бастама — кейбір жан үстірт түсініп, тіпті солай өзгере ұғындырып жүргендей жай ғана экологиялық акция емес. Шынында, бұл — Қазақстанымыздың көркем келбетін жаңартатын, азаматтардың өмір сапасын жаңа деңгейге көтеретін, тіпті халқымыздың өмір салтын оңға өзгертетін, мінез-құлқы мен ой-өрісіне игі ықпал ететін жүйелі өзгеріс.

Сондықтан түпкі мәні — тазалық пен тәртіпті нығайтуға, табиғатты аялап сақтауға, мәдениетсіздікке, вандализмге және қоғамдық тәртіпті бұзуға төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған бұл қайырымды идеология Президенттің өзі ұсынған «Адал адам» тұжырымдамасының бір тұғырына айналды. Өз кезегінде «Таза Қазақстанды» ұстын еткен, балалар арасында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дөріптеуге бағдарланған жаңа «Адал азамат» атты біртұтас тәрбие бағдарламасы балабақшалар мен мектептерде енгізіліп, білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысында басшылыққа алынып жатыр.

«Таза Қазақстан» қазақ елінің әлемдегі халықаралық беделін арттыруға да оң әсер етеді. Ол жер-жаһанға Қазақстан халқының табиғатқа жанашырлығын, жақсылыққа бейім-бейіл тұратынын, жүрегі кең, пейілі ақ, ниеті таза екенін паш етеді. Тіпті, бір қарағанда ұсақ-түйек көрінер жайт: әлемнің түрлі еліндегі әр алуан спорт сайысынан соң қазақ жанкүйерлерінің стадионның, спорт кешенінің өзі отырған бөлігін тазалап, қоқысты жинап алып кететіні бірнеше рет шетелдік әлеуметтік желілерде резонанс тудырып, өзгені тәнті еткені бар.

Мұндай жайттар мейірімділік, қам-қорлық, тазалық пен ізгілікке тілеуестік — біздің ұлттық ерекшелігіміз екенін көрсетеді. Осы игілікті құндылықтарымызды сақтап, өскелең ұрпақтың бойына берік сіңіруде ел Президентінің 2024 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Таза Қазақстан» бастамасы үлкен рөл атқарады. Мемлекет басшысы 2025 жылғы 21 сәуірде өткен «Таза Қазақстан» экологиялық фестиваліндегі сөзінде ойдың да, бойдың да, қоршаған ортаның да тазалығын сақтау әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші екенін нықтады.

— Тазалық халқымыздың болмысына сіңген қасиет болуы қажет екенін үнемі айтып келе жатырмын. Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл — бірқұндық акция емес, ендігі өміріміздің салты! «Жас келсе — іске» деген. Бүгінгі жасты табиғат қорғау идеясы біріктіріп отыр, — деді Президент.

Оның айтуынша, «Таза Қазақстан» елімізде волонтерлікке тын серпін берді. Ал ерікті болу, ең алдымен, нағыз отаншыл азамат, патриот болу деген сөз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы осы бастама аясында кәсіпорындар мен кәсіпкерлер экологияны жақсартуға зор үлес қосып жатқанын жақсыға жорыды. Президент «Таза Қазақстан» аясында өте ауқымды жұмыс атқарылғанын, миллиондаған тонна коқыс жиналып, су көздері тазартылғанын тілге тиек етті.

«Бүкілқазақстандық ағаш егу күні» акциясы жақсы дәстүрге айналғанын жеткізді. Осы шара шеңберінде елде небәрі үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабын толтырды. Айналаны жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Ал тазалық пен тәртіп — дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі.

Бүгін, 5 маусымда жаһан жұрты «Қоршаған ортаны қорғау күнін» атап өтеді. Қасиетті қара жер мен табиғатты Анаға теңеген қазақ халқы үшін аққан суға, жүргірген аң-құсқа қиянат жасамау, жайқалған көкті отамау ежелден келе жатқан экологиялық сана еді. Ұлт жадында сақталған экологиялық танымды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бастамасы қайта жаңғыртып, жаңа сипат берген жайы бар. Осылайша, Президент ауасы сау мал, құрағы кілем жазира даланы, ақбас таулар мен сулы-нулы өлкені болашақ ұрпаққа саф күйінде қалдырудың заманауи миссиясын бастады. Ал осынау бастамаға үн қосу, қолдау, қоршаған ортаны қорғау бүгінгі ұрпақтың туған жер алдындағы перзенттік парызы болса керек.

ТАЗАЛЫҚ пен ӨРКЕНИЕТ — БІР ҰҒЫМ



Мұның сыртында, бастама аясында экологиялық ағарту ісіне айрықша көңіл бөлінеді. Қоқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу, қоғамдық орынды бүлдірмеу сияқты аса маңызды мәселелерге мән беріледі, бұл қоғамның қалыптасуына ықпалына айналады. Мемлекет басшысы мұны да «Таза Қазақстанның» негізгі бағыттарының бірі деп атады.

Қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып келеді. Тұтас елдің сана-сезімі өзгере бастады. Бұл, әрине қуантпай қоймайды. Кезінде «Азия жолбарыстары» атанған Сингапур, Оңтүстік Корея, Индонезия және басқа да ел өркениет өрісінде өркендеуді экологиялық тазалықпен үйлесімде өрбіткені айқын. Яғни, Табиғат-Анамызға жанашырлық танытсақ, оның да алпыс екі тамыры иіп, баласына — қазақ еліне жол ашады, өрлеу бағытына шуақты нұрын төгеді.

**ЖАСАМПАЗ БАСТАМА
ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ**

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев әртүрлі маңызды іс-шараның биік мінберін пайдаланып, жұртшылыққа «Таза Қазақстан» бастамасының түпкі мән-мағынасын түсіндіруге тырысады. Мысалы, жуырда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында да елдегі барша этносқа қатысты бар осынау идеологиялық маңызды іске әрбір қала, ауыл, көше мен ауланың тұрғындарын жұмылдыру керектігін қадап айтты.

—Бәріміз Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанда өмір сүргіміз келеді. Мұның бәрі Қазақстанда жайлы әрі өмір сүруге қауіпсіз аумаққа айналыруға бағытталған күш-жігер нәтижесі. Кастерлі Отанымызды көркейтеу — баршаға ортақ парыз! Менің бастамамен былтырдан «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатыр. «Таза Қазақстан» — бүгінгі және ертеңі күніміздің кепілі. Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді! Біз әр азаматтың, әсіресе, жастардың бойына тазалық, ұқыптылық, жауаптылық сияқты қасиеттерді сіңіруіміз керек, — деді Қ.Тоқаев.

Тазалық — қазақ үшін киелі сөз. Ұжданы таза адам ардың ала жібін атпайды, отбасына да, Отанына да опасыздық жасамайды. «Қазақстан — ортақ үйіміз!» деп үнемі айтамыз. Олай болса, еліміз, яғни ортақ шаңырағымыз таза, тартымды, жайлы болуы керек. Бұл үшін тазалық әр үйден, әр ауладан басталуы керек. Осы айтылған сөздердің астарында тұнған темірқазықтай кастерлі құндылықтарды, жазылмаған заңдылықтарды ұрпаққа өнеге, өсиет етіп, өзі тағылымды тәрбие, ұлағатты үлгі көрсетіп жүрген аға буын өкілдерінің бірі — елорда тұрғыны Серікбай ақсақал (қарапайымдылық танытып, тегін көрсетпеуді сұрады). Ол сенбіліктер кезінде қасына қолындағы екі немересін ертіп, аула мен көшені тазалауға, көшет егуге тұрақты қатысып, көзге түсіп жүр.

— Бала кезімде анам арайлап атқан таңмен бірге тұрып, мені де оятып, аула сыпыртып, үй жинатып қоятын. Мал жайлау шаруасы да менің мойнымда. Жалпы, шынашақтай шағынан тазалыққа, ұқыптылыққа бой ұйретсе, бала жауапты, тәртіпті әрі жанашыр болып өседі деуші еді анам. Жасым жетпістен асты. Балалық әдеттерім қалды. Осы жасқа тың жетуіме сол септесті деп санаймын. Таң азданда тұра сала жұмыс құралдарын алып, аула тазалаушыға қалақадарі көмектесіп, сыпырып, коқыс жинап, ағаштардың түптерін копсытамын, қыста қар күреймін. Сенбіліктерден қалмаймын, — деді ақсақал.

Ол ғаламтөр үстемдік еткен қазіргі заманның жасын еңбекке баулу, тазалыққа үйрету маңызды екенін, әйтпесе, оны жалқаулық басып кететінін айтады. Өз ұлы Марат шетелде біраз жыл жұмыс істеп, елге оралыпты: Швецияда, Гётеборг қаласының шетіндегі ауданда тұрған.

— Қайтар алдында ел-жер көруге шақырды. Қаланы көргенде керемет таң-тамаша болдым. Баққа бөленген, сулы-нулы үлкен шайар екен. Көшелері мұнтаздай таза. Жерге тасталған тал-тұқыл таппайсың! Есімде қалғаны, жергілікті қауым айына бір рет сенбілікке шығады. Мұны нағыз мерекеге айналдырған. Онда көрші-қолан,

дос-жаран қуқы тірлік қамынан құтылып, бой жазу үшін жиналады, арқа-жарқа табысады. Біріге, қоян-қолтық жұмыс істеп, татулығын беріктейді. Сенбілікті балаға дейін күтеді: әр тұрғын жеңсік тамағын дайындап әкеп, соңыра жергілікті бақта дастарқан жаяды. Нағыз той! — деді Серікбай аға.

Ақсақал бізде көшет егу акцияларына Президенттің өзінің қатысқанына сүйсінгенін жасырмады. Себебі «Таза Қазақстан», бұл — шынайы отаншылдықтың көрінісі. Жалпы, тазалық пен мәдениет — егіз ұғым. Мәдениеті жоғары қоғамның табиғаты да, таным-түсінігі де таза болары анық. Бұл тұрғыда «Таза Қазақстан» ұлттық болмысымызды өркеніет пен заманға сай жаңғыртуға, ұлт санасын түлетуге, сол арқылы бойында бұйығы жатқан пассионарлық қуатын, жасампаздық жігерін оятуға қозғау салады. Жастарымыз кішкене кезінен жасампаз, жанашыр, жанашыл, еңбекқор болып өседі. Сонда біз Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Өркениетті әрі Берекелі мемлекет боламыз. Сондықтан да Президент айтқандай, тарихи терең мағынасы бар бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

**АСТАНА БҰЛ ІСТЕ ДЕ
АЙМАҚҚА ҰЛҒИ**

Айтқандай, Президенттің осы бастамасын «сенбілік» мәжбүрлейтін қиналысқа емес, мерекелік думан сипатындағы әдемі жиналысқа айналдырудың жақсы тәжірибесі Астанада қалыптасып келеді. Биыл ақпарат құралдарының өкілдері «Таза Қазақстан. Астана — тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы аясында өткен сенбіліктер кезінде кейбір аулада тіпті шағын киіз үй тігіліп, ас әзірленгеніне, жұмыстан кейін халық жиналып, дәм татып, мәз-мейрам, шат-шадьман көңіл күйге бөленгеніне куә болды.

Астана филармониясының өнерпаздары, жергілікті дарындар аулаларды аралап, ән шықпап, күй күмбірлетті. Кейбір шағынауданда тұрғындар ән айтудан жарысып, караоке сайысына қатысты. Осыны көріп қызыққа тартылған кішкентай тұрғындар да сенбіліктен шет қалмады, үлкендерге көмектесіп, коқыс жинады, көшетке су құйды. Ендеше «Таза Қазақстан» елде жаңа дәстүр мен халықтық мейрамды қалыптастыра бастағандай. Өйткені ортақ мақсатымыз — таза әрі көркейген елді келешекке ұластыру. Бұл іс елді қажытпайтын, қайта ұлтты рухтандырып, жұртты жігерлендіретін, асыға күттіретін жобаға айналса, абзал.

— Таза Қазақстан дегеніміз — қоғамды, әсіресе жас буынды тазалық мәдениетіне баулу, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға және қалалық мүлікті қорғауға қатысты нық көзқарас қалыптастыру. Бұл бағыттағы әрқайсымыздың әрекетіміз — үлкен өзгерістердің бастауы. Қоқысты көрсетілген жеріне тастау, айналаны таза ұстау, табиғатты аялау, бұзушылыққа бармау — еліміздің жарқын болашағына қосқан үлесіміз! Тазалық әрқайсымыздан басталады, — деді «Жер амбасадорлары» қозғалысының белсендісі Темірлан Макубаев.

Айтқандай, «Таза Қазақстан» бұтағын кенге жайған бөйтеректей жаңа жобалармен толығып жатыр. Мәселен, оның аясында Астананың 20 білім ошағында жылыжай ашылып, онда жемістер мен көкөністер өсіріледі. Соның ішінде елордалық №8 мектеп-лицейінде шәкірттер былтырдан баптап күткен лимон ағашы биыл жемісін берді. Бұдан бөлек, мектептер жылыжайларында қияр, қызанбақ, аскөк, құлпынай, өзге жидектер, жалбыз, гүл өсіріледі. Жоба жетекшілерінің басшылығымен оқушылар бос уақытта өсімдіктерге күтім жасайды. Бұл балаларға жазғы каникулда көше шаңын шығарып, бос сенделмеуіне мүмкіндік береді.

Астана әкімдігінің дерегінше, соңғы екі жылда елордалық білім ордаларында «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында оқу бағдарламалары жаңартылып, экологиялық білім тереңдете оқытылып жатыр. Оқу бағдарламасының бәрінде экологиялық білімді арттыру, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау — басты назарда. 1-11-сынып оқушылары жасыл экология мәселелеріне белсенді қатысып, «Таза аула», «Жасыл Қазақстан» және «Жерімізді сақтайық» сияқты түрлі жоба мен бастамаларды жүзеге асырады.

Мәселен, Сервис және туризм колледжінің директоры Салтанат Басыға-расеваның айтуынша, онда орман шаруашылығы, ландшафттық дизайн, бак-саябақ және гүл дақылдарын өсіру бойынша 131 студент қосымша білім алып, «Астана Тазалық» қызметі сияқты жұмыс орындарынан тәжірибе жинап, тегін білім алуға қол жеткізді. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» жобасы аясында

елордалық студенттер бірнеше маңызды ғылыми жоба мен әлеуметтік бастаманы қолға алды. Олар жылыжайда экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, қалдықты өңдеуге, өсімдік зиянкестерімен және аурумен күресудің тиімді әдістерін табуға, жастардың экологиялық сауаттылығын арттыруға және басқа мәселеге қатысты болып келеді.

**«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» —
РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖАҢА
СТРАТЕГИЯСЫ**

Экология министрі Ерлан Нысанбаевтың айтуынша, экологиялық ахуалды жақсартуда салмақты іс тындырылды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісі 35 жыл ішінде 869 мың гектардан 30,9 миллион гектарға дейін кеңейтілді. Жануарлардың сирек кездесетін түрлерін, соның ішінде қазақ барысын қорғау, Тұран жолбарысы мен керқұлан-кертаны (Пржевальский жылқысы) сияқты жойылып кеткен тағыларды қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі ұсынған мәліметке жүгісек, 2025 жылдың басынан елде «Таза Қазақстан» бастамасы аясында мыңға жуық іс-шара өткізілді: «Таза қала», «Таза аймақ», «Таза жағалау», «Қалаға ағаш», «Мөлдір бұлақ», Халықаралық құстар күні, «Жер сағаты» және басқа да акция ұйымдастырылды. Негізгі нәтижелері қомақты: 5 миллионға дейін ағаш көшеті отырғызылды, 1,1 млн тонна коқыс жиналып, 584 мың гектарға жуық аумақ тазартылды.

Бұл, әрине тек басы ғана. Мемлекет басшысының тапсырмасымен республикада 2 миллиард түп ағаш отырғызылады. Экология министрлігі жуырда биылғы көктемгі ағаш отырғызу кезеңін қорытындылады. Ведомство 2025 жылға дейін 2 млрд түп ағаш отырғызу тапсырмасы 2020 жылғы қыркүйекте берілгенін еске салды. Алайда орман иеленушілердің мүмкіндіктерін, питомниктердегі отырғызу әлеуетін ескеріп, тапсырманы орындау мерзімі 2027 жылға дейін ұзартылды.

«Биылғы көктемде 141 мың гектар аумақта 225 миллион дана ағаш отырғызылды. Күзгі отырғызу кезеңінде тағы 153 миллион дана ағаш пен бұта егу жоспарланған. Сондай-ақ Президент тапсырмасына сәйкес, Арал теңізінің құрғаған түбінде жалпы көлемі 1,1 млн гектар аумақта сексеуіл алқаптары құрылып жатыр. 2021-2024 жылдар аралығында Арал теңізінің құрғаған табанында 475 мың гектар жерде орман-мелиорациялық жұмыстар атқарылды. 2025 жылға, яғни бір жылға арналған жоспар — 428 мың гектар! Оның ішінде жергілікті әкімдіктер — 100 мың гектарда, Экология министрлігі 328 мың гектарда сексеуіл отырғызады», — деп хабарлады ведомство.

«Таза Қазақстан» бастамасы аясында халықпен кері байланыс орнату үшін Telegram-да @TazaQazBot чат-боты құрылды. Ол арқылы азаматтар ластанған аумақтың фотосын және геолокациясын жолдай алады. Өтініштер автоматты түрде тиісті орғанға жіберіліп, желел қарастырылады. Чат-бот іске қосылғанға дейін 20 мыңнан астам өтініш түскен, оның он жеті мыңдайы орындалды.

«Таза Қазақстан» бастамасы аясындағы экокөзғалысқа 6 млн адам, оның ішінде 230 мың ерікті қатысты. Экологиялық бастамалар қоғам тарапынан белсенді қолдауға ие. Ал Үкімет тарапынан «Таза Қазақстан» экөмәдениетті дамытудың 2029 жылға дейінгі Тұжырымдамасы бекітілді, өңірлік жоспарлар мақұлданды. Табиғатты қорғау шараларын нығайту үшін биоәртүрлілікті сақтау тұжырымдамасы әзірленді. Үкімет басшысы Олжас Бектенов отандық бизнес экологияға қамқорлықты өзінің әлеуметтік жауапкершілігінің бір бөлігі ретінде қарастыруы керек екенін атап өтті. Бұл мемлекеттік қолдау шараларын иеленген компаниялар мен кәсіпкерлердің міндеттемелерінде көзделмек. «Таза Қазақстан» өзге де қызықты бастамалармен толығады.

Ел Президенті 2060 жылға қарай Қазақстан көміртегі бейтараптығына жететінін мәлімдеп, міндет қойғаны белгілі. Премьер-Министр отандық өндірушілерге көміртегі бірліктерін сату сияқты жаңа перспективалы бағыттағы «Таза Қазақстан» қағидаты қолданылатынын жеткізді. Айталық, ауаны ластайтын кәсіпорындар зиянын азайту сыртында ағаш егуге тиіс. Осындай бірінші жоба Алматы облысында басталды: көміртексті жұтып, бейтараптандыратын 3 миллион түп көшеттің 200 мыңы отырғызылды. Жоба аясында 1 миллионнан астам көміртегі кредиті алынады. Аталған тәжірибе бүкіл ел аумағына таратылмақ. Осы секілді жобалар — «Таза Қазақстан» кең ауқымды ағартушылық-идеялық платформасының құрамдас бөлігі.

«Таза Қазақстан» — республиканың жаңа стратегиясы. Президент бұл бағдарламаны іске асыру барлық мемлекеттік орган мен ұйым, әсіресе жергілікті әкімдіктер тарапынан жауапкершілікті талап ететінін баса айтты. Әйткенмен, «Таза Қазақстанның» басты қозғаушы күші — халық. Яғни, ол бүгінде ұлтымыздың келешек рухына болмысын биік өркениетті дәрежеге көтеретін тұтас елдің жүйелі экологиялық ұстанымына айналды. Сонда әлем «Қазақ», «Қазақстан» дегенде алдымен тазалықты, табиғи үйлесімділікті және адамгершілік тәлім-ұлағатты өмірлік құндылық еткен әсем елді елестететін болады.

ИМАНДЫЛЫҚ

ҚҰРБАН АЙТ – МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Алла қаласа, биыл қасиетті Құрбан айт мерекесі 6 маусымда басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар алыс та жақын мұсылман елдерінің ғұламаларымен, пәтуа шығару орталықтарымен кеңесіп, осындай пәтуа қабылдады.

Мұсылманша қасиетті зұлхижжа айының алғашқы он күнінде барынша ынтамен ғибадат етіп, көбірек ізгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысқан абзал. Өйткені қасиетті хадис-шарифтерде осы айда орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған.

Ал арапа күні ораза ұстау – сүннет амал. Шамасы келмеген адамға ораза ұстау міндет емес. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Арапа күні ораза ұстау арқылы Алладан өткен және келесі жылдың күнәсін кешіруді үміт етеміз» деген.

Бағзы заманнан бері Ислам дінін рухани тірегіне айналдырған халқымыз Құрбан айтты айрықша дайындықпен қарсы алған. Малдың семізін, жарамдысы мен ең жақсысын құрбандыққа шалып, оның етін тұрмыстық жағдайы төмен адамға тарату, қонақ күтіп, үлкеннің батасын алу, сыйлық-көде беру, ренжіткен жанды кешіру сынды амалдар – дәстүрімізде қалыптасқан ізгі құндылықтар.

Халық арасында ұлт ұстазы атанып кеткен Ахмет Байтұрсынұлы: «Дін адамды түзейтін, тәртіпке салып тұратын бір күш. Халықтың діни дұрыс болса, рухы да, жолы да түзу болады», – деген.

Шын мәнінде, Құрбан айт – жалаң құрбандық емес, ол – ішкі жан-дүниенің тазарту мен рухани тұрғыдан жаңғыру деген сөз. Сұлтанмахмұт Торайғыров бабамыз бір сөзінде дін шын ақыл, ғылыммен бірлік етсе ғана шын дін болатынын, құр көңілге сеніп, құлшылық ету дұрыс емес екенін айтқан.

Расында «құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымды білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншіліктің паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы



осында жатыр. Қасиетті Құранда «Хаж» сүресінің 37-аятында: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарын (шынайы ниеттерін)» делінген.

Ал ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам баласы Құрбан айт күні құрбан шалудан өзге амалымен Аллаға жақындаған емес...» деп, бұл күндері Аллаға ұнамды әрі ең сүйікті амал – құрбан шалу екенін жеткізген.

Бір сахаба ардақты Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құрбан шалудың сауабы жайлы сұрайды. Сонда Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Құрбанның әрбір қылы үшін бір сауап бар», – деп жауап береді. Сахаба тағы да: «Уа, Алланың Елшісі, шалынған құрбандың мал кой болса, сауабы қандай болады?» деп сұрағанда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Оның әрбір тал қылы үшін де бір сауап бар», – деп жауап қайырған екен.

Материалдық мүмкіндігі бар, әрі жолаушы емес мұсылманға құрбандық шалу – уәжіп, мұсылмандық міндет. Ал шамасы келмеген адамға Алла Тағала мұндай міндет жүктемеген. Айт күндері аз да болса садақа беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға көңіл бөлу – сауапты іс.

Құрбан айт тек құрбан шалумен шектелмейді. Бұл – ағайын арасын жақындата түсетін күн. Араздасқан адамдар татуласып, өзара кешірім жолын ұстанады. Айт күндері туысқанның басын қосып, қарым-қатынасты күшейткен абзал. Құрбан айт –

отбасы құндылығын арттыратын мереке. Ата-анамызға, бала-шағамызға сыйлық беріп, оларға арнайы көңіл бөліп, барынша қуантайық. Мұндайда өскелең ұрпақ Құрбан айттың қадірі мен сауабын сезініп, ізгілікке ұмтылады, мерекені асыға күтеді.

Өздеріңізге мәлім, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2025 жылды діни қызмет аясында «Ислам және отбасы құндылығы» жылы деп жариялады. Алла қаласа, игі бастама аясында қасиетті Құрбан айт күндері жүзеге асатын ізгі іс-шаралар отбасы құндылығын, жанұя жарасымын арттыруға бағытталады. Сіздерді де осы бастамамызға үн қосуға шақырамыз.

Алла қаласа осы жылы да елімізде құрбан шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта өтеді. Діни басқарма халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында Құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған қуыбап.muftuat.kz сайтына иске қосты. Дінімізде құрбандық шалу рәсімін басқа біреуге тапсырып, оны өкіл ете алады. Демек, онлайн форматта құрбандық шалуға тапсырыс бере аласыздар. Құрбандық еті мұқтаж жандарға, яғни мақсатты орындарға жеткізіледі.

Өздеріңізге белгілі, біз быттыр Құрбан айт күндері республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру үшін арнайы жұмыс штабын құрдық. Оған еліміз бойынша 1388 дін қызметкері мен «Зекет және қайырымдылық» қорының еріктілері үлес қосты. Нәтижесінде, жалпы саны 40 778 мал құрбандыққа шалынып, 131 ет қабылдау пункттеріне жиналған құрбандық еті 136 964 отбасыға жеткізілді.

Құрбандық еті 358 мекемеге, атап айтқанда, мұғалектер, заңғар қорына, ауруханалар мен ардагерлер үйіне берілді. Биыл да

осы қайырымдылық іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастыруға дайынбыз. Алла қаласа еліміз бойынша 60 орында құрбан шалу рәсімі жүзеге асады. Барша жерлестерімді ортақ сауапты іске үлес қосуға үндеймін. Сіздердің жасаған қайырымдылық амалдарыңыз мақсатты орындарға, нақты айтқанда, мешіттен көмек сұрап келген әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға беріледі.

Осы ретте айта кетер маңызды мәселе: жыл сайын Құрбан айт күндері жекелеген азаматтар, сонымен қатар кейбір бізге бей-мәлім қорлар мен ұйымдар халықты онлайн құрбандық жасауға үгіттеп келеді. Олардың жеке мүдделеріне қатысты осындай іс-әрекеттері еліміздің мұсылман жамағатын алдандатуда. Сондықтан қайырымдылық іс-шараларды жеке мүдделеріне қолданып қорлардан сак болуға шақырамыз.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыз бір даналық сөзінде Хакқа қызмет халыққа қызмет етуден басталатынын айтқан. Бұл – халықтың разылығы – Хактың разылығында деген сөз. Осы ретте еліміздегі барша шаруа қожалықтарының қожайындарын мал құнын қолдан көтермей, халыққа оңтайлы бағаны ұсынуға шақырамын.

Әрине, еңбектің ақталғаны жақсы. Дегенмен біз «пайда ойлама, ар ойла» деген қанатты сөзге мән берген халықпыз. Алла Тағала халыққа жасаған жақсылықтарыңызды өздеріңізге еселеп береді. Өйткені Жаратушы Жаббар Иеміз Құранда «Бақара» сүресінің 272-аятында: «Әрбір жақсы нәрседен жасаған қайыр-садақаларын (сауабы) өздеріне толық қайтарғылады, сендерге әділетсіздік істелмейді» деп, мұсылман баласын зор қуанышты хабармен сүйіншілеген.

Сонымен қатар барша кәсіпкерлерді тұрғындар күнде тұтынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін. Алланың рақым нұры төгілетін Құрбан айтта жұртымызға жақсылық жасап, көпшіліктің алғысын алмайық, ағайын!

Халқымыз: «Жыртық үйдің Құдайы бар» деген. Бұл – мұқтаж адамды қуанышқа бөлеген пенде міндетті түрде Алланың игілігіне кенеледі деген сөз. Алла Тағала шалаған құрбандығымызды, берген садақамызды қабыл етіп, екі дүние нығметін нәсіп еткелі! Өзүмін!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти

КӨКЖИЕК

WORLD SKILLS: КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК АЛАҢЫ

Елордада WorldSkills Astana-2025 кәсіби шеберлік чемпионаты аяқталды. Астана әкімдігінің қолдауымен өткен білім бәйгесіне 300-ден аса колледж студенті және 200-ден аса оқушы қатысты.



Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Биыл қалалық чемпионат аясында мүмкіндігі шектеулі білім алушылар арасында да кәсіби шеберлік бойынша Abilympics, есту қабілеті бұзылған білім алушылар арасында Deafskills және мектеп оқушылары арасында Jasskills чемпионаттары өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялай отырып: «Біз жұмысшы мамандықтарын дәрiптeу арқылы қоғамда еңбеккoр және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбеккoрлық, кәсіпiлiк сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі!» – деген болатын.

Президент тапсырмасына сәйкес, байқау «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында еңбек адамын дәрiптeу, адал еңбекті насихаттау бағытында ұйымдастырылды. Білім додасында сайысқа түскен қатысушылар 50 кәсіби қызыртілiк бойынша 250 сарапшы мамандардың сынынан өтті. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деп танылған үздіктерді марапаттау салтанатында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Берікұлы жеңімпаздарды құттықтап, WorldSkills жобасының мақсат-міндеттері туралы айтты.

– Адам қолымен жасалатын іс – күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігі. Көбіне үйреншікті жағдай секілді көріп мән бермей жатамыз. Алайда дәл осы қарапайым жұмыстар өміріміздің жайлылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп отыр. Электр жарығы, жылы су, құрылыс, жөндеу жұмыстары және таза кеңсе – осының барлығы жұмысшы мамандық иелерінің адал еңбегі. Бұл – біздің өміріміздің әр сәтімен күнделікті байланысатын тірек. Мемлекет басшысы еліміздің экономикалық өсуі мен халықтың әлауқаты білікті жұмысшыларға тікелей байланысты екенін атап өтті. Биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялануы да бекер емес. Қоғамды ұстап тұрған дәрігер де, мұғалім де, құрылысшы да – нағыз еңбек адамы. WorldSkills – осы құндылықтарды дәрiптeйтін бірегей алаң. Бүгінгі шараға жиналғандар – болашақтың шебер мамандары. Бүгінгі талпыныстарыңыз – ертенгі табыстың кепілі. Қандай салада жүрсеніздер де адал еңбекпен елге үлгі болса біліңіздер, – деді Есет Берікұлы.

WorldSkills жобасы колледж түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруда және олардың жұмыспен қамтылуында, мектеп оқушыларының сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарды таңдауына бағытталған кәсіби бағдарлау

нында үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік серіктестермен және жұмыс берушілермен іскерлік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар колледждер базасында әлеуметтік серіктестермен бірлесіп экскурсиялар мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, қатысушылар заманауи оқу және кәсіптік даярлық жағдайларымен жақын танысу мүмкіндігіне ие болады.

Астана қаласы Білім басқармасы Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ақмарал Хонның айтуынша, WorldSkills қалалық байқауы осымен оныншы рет ұйымдастырылып отыр.

– Бұл – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өтіп жатқандықтан осы жұмысшы мамандықтарды әрі қарай дәрiптeу, балалардың қызығушылығын арттыру. Бүгінгі жабылуына колледж студенттерімен қатар, оқушыларды да шақырдық. Осындай чемпионат өтетінін көрсін деп шақырып отырмыз, – деді ол.

Осы орайда WorldSkills Astana-2025 кәсіби шеберлік чемпионаты аясында елордалық колледждердің 15 алаңында 15 күн бойы студенттер түрлі жобаларымен сынға түсті. Бәйге барысында электрмен қамтамасыз етуден бөлек, кірпіш қалау, дәнекерлеу, графикалық дизайн және аспаздық пен кондитерлік іс секілді мамандық иелері өзара бақ сынасты. Сайыс барысында кәсіби білім беруді дамытуға, жұмысшы мамандықтарды насихаттауға және кадрларды даярлау жүйесіне инновациялық технологияларды енгізуге бағытталған бірқатар ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралардың бірі – «100 бейінді сынып» жобасы аясында өткен мектеп оқушыларының слеті болса, CHOCOLATINE KAZAKHSTAN-2025 республикалық чемпионаты еліміздің үздік кондитерлерін жинаған ауқымды жиынға айналды. Жоба аясында өткен кез келген іс-шара еңбек адамы мен адал еңбектің қадірін дәрiптeуге, насихаттауға басымдық берді.

Астанадағы Құрылыс-техникалық колледжінің студенті Аллажар Хамитов командасымен бірге байқаудың алтын медалін жеңіп алды. Электрмен қамтамасыз ету мамандығында білім алып жатқан жастың жобасы сарапшылардың таңдауына ие болды.

– Біздің істеген жұмысымыз шлағбаум жайлы болды. Машина кіріп-шыққан кезде бағдарлама түймесі арқылы машина кіреді және кірген кезде өзінің сигналын береді. Сол кезде есік бағдарлама арқылы жабылады. Қазір бізде бәрі пультамен басқарылады ғой. Бір кнопка арқылы шлағбаум өзі жабылып, ашылып, істей береді, – деді Құрылыс техникалық колледжінің студенті Аллажар Хамитов.

Қалалық білім бәсекесінде 50 кәсіби бағыт бойынша көшбасшылар анықталды. Жеңімпаздардың барлығы күзде Астанада өтетін республикалық кезеңге қатысып, елорданың намысын қорғайды.

ЖИЫН

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Maqsut Narikbayev University базасында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заң жобасын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстел жұмысына Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Д.Жазықбай, Maqsut Narikbayev University басқарма төрағасы Т.Нәрікбаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары М.Әбе-нов және М.Башимов, Конституциялық Сотының төраға орынбасары Б.Нұрмаханов, Ұлттық экономика вице-министрі А.Дарбаев, Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Б.Нұрғазиева, Парламентризм институты директорының орынбасары Б.Бекжанов, «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры Б.Ракишева, Заннама және құқықтық ақпарат институтының директоры И.Әубәкірова сондай-ақ мемлекеттік органдар жанындағы Қоғамдық кеңестердің төрағалары, заңгер-ғалымдар, мемлекеттік басқару саласындағы сарапшылар мен мамандар қатысты.

Жаңа Заң жобасы Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру аясында әзірленді.

Агенттік төрағасы өз сөзінде Заң жобасында мемлекеттік қызметтің миссиясы, міндеттері мен талаптары жаңаша айқындалғанын

атап өтті. Ол азаматтардың сұраныстарына және қажеттіліктеріне жауап беретін сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыруды одан әрі заңнамалық тұрғыдан жетілдіру барысы туралы айтты.

«Мемлекет басшысының адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін деген» іргелі қағидасы мемлекеттік аппараттың жұмысын ашық, адамға бағдарланған сипатта ілгерілетуді талап етеді. Жаңа Заң жобасы мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының адамға бағдарланған үлгісін бекітуді көздейді. Отансүйгіштікті, ашықтық пен көсібілікті, клиентке бағдарлану мен құқықбұзушылықтарға төзбеушілікті қамтитын талаптарды заңнамалық тұрғыдан бекіту жоспарлануда», – деді Дархан Жазықбай.

Заң жобасында кәсібиліктің, әдептіліктің, адамгершіліктің сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге адалдығын қамтамасыз етуге бағытталған мінсіз бедел институтын енгізу қарастырылған.

Елімізде мемлекеттік қызметтің гибридітк моделін енгізу шаралары аясында бағалау, оқыту және тағылымдама нәтижелерін ескере



отырып бір лауазым шеңберінде «Б» корпусы қызметшілеріне деңгейлес көлденен өсу тетіктерін қалыптастыру жоспарлануда. Аталған норма мемлекеттік қызметшілердің кәсіби өсуін қосымша ынталандыратын болады.

Заң жобасында мемлекеттік қызметшілерге мемлекет пен қоғамның мүдделерін қорғау қажеттілігі туындаған жағдайда жауапкершіліктен және бюрократиядан қаймықпай басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін нормалар қарастырылған.

Тағы бір өзгеріс – ішкі конкурстарды жою. Бұл кадрлық іріктеу мүмкіндігін кеңейтіп, мемлекеттік қызметке білікті мамандарды тартуға жол ашды деп күтілуде.

Сонымен қатар Жапония мен Сингапур тәжірибесіне сүйеніп,

АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ

5 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

«Сендерге тарихты айтқаннан гөрі, өмірлік сабақ болатын оқиғам-ды айтқаным пайдалы» деп бастады әңгімесін белгілі тарихшы Қойшығара Салғараұлы. Сексен бестің белесінен асқан кемеңгер жазушы болашақ журналистермен кездесесіз дегенде бірден қуа-на келісті. Себебі көбі оны тарихшы ретінде таныса да, Қойшығара Салғараұлының әу баста таңдап алған мамандығы – журналистика. Кәсіби еңбек жолын да радиодан бастаған. «Әңгімем бір жас буынға ой салса, еңбегімнің ақталғаны» деп ойлайтын жазушы өмір жолы мен ұлт тарихын айтып, кездесуде кеңінен көсілді.

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

ЖАҚСЫ ЖАНДАР ЖОЛЫМДЫ АШТЫ

Абылайхан ДҮЙСЕНБЕК: Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ауылынан шыққаныңыз тарихшы болуыңызға әсер етті ме? Жалпы, ол заманда Ахметтің кім екенін білдіңіз бе? — Кез келген бала ақыл-есі кір-геннен кейін алдына биік мақсат қоя білуді керек. Сол мақсатқа жету жолында кездесетін қиындықтар-дың бәріне төзуі қажет. Дүниеде бір әке, бір шешеден туған ағайындар-дада артық жақындық — мүдделес адамдардың туыстығы. Біз отырған Ақпұп газетінің аудиториясының қабырғасында суреті тұрған Әли-хан, Міржақып, Ахмет үшеуі үш қиырдың адамы. Бірақ үшеуі ел мүддесі жолында біріккен жандар. Мен осы Ахмет Байтұрсынұлының ауылынанмын. Бірақ Кеңес одағы кезінде Ахметтің ауылында тұрсам да, Алаш арысының атын білмей өстім. Ахмет түскен үй де, оның туыстары да халық жауы атанып, түгел сотталып кетті. Біз сондай заманда өстік, айналайындар!

Ақпұп ҚУАНЫШБАЙ: Әңгімені балалық шағыңыздан бастайықшы. Осы жерде отырған жастардың көбі бала кезімізден журналист боламыз деп армандалық. Ал сіздің журналис-тикаға келу жолыңыз қандай?

— Қазір біз сөз түсінуден қал-дық. Сіздер таңдаған мамандық дәл бүгін таптырмайтын мамандық. Халыққа ең жақын және кез келген тақырыпты халыққа жеткізетін мамандық. Өз басым 1-сыныптан 7-сыныпқа дейін жақсы оқыдым. Мектептің алды болдым. Әкем шо-пан еді. Ал шопанның балаларына 7-сыныптан кейін басқа ауылға барып оқуына интернет беретін. Осылайша, орта мектепте сабақ оқымайтын балалардың қыпалында кеттім. Мектеп бітіргенде аттес-таымда бір төрт болған жоқ. Кілең үштік баға болды. Менің есте сақтау қабілетім мықты еді. Мұғалім не сұраса, соны жатқа айтып беретін-мін. Дәл біз мектеп бітіретін жылы, сыныбымызбен қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданына ауыл шаруашылығы бойынша жұ-мыс істеуге жіберді. Әкем өскерден келгеннен кейін денсаулығы сыр беріп, зорға жүр еді. Содан ауылға барып, екі жыл қой бақтым. Әкем бір жылдан кейін қайтыс болып кетті. Кеңес үкіметі саясаты бойын-ша әр саладан бір адамды алға шы-ғарып, басқаларға үлгі ететін. Мен де сондай шопан болдым. Жасым толмай партияға да өттім. «Құрмет» грамотасын да алдым. Танымайтын біреулер «Қойшығара туралы» деп мені мақтап мақала да жазды. Ал қазақ «Үш күн қой баққаннан ақыл сұрама» дейді. Менде қандай білім болсын. Бірақ Құдай бағынды ашайын десе, жақсы адамды жо-лықтырады екен. Орта сыныпқа дейін оқыған мектебімде ботаника-дан сабақ берген мұғалім болды. Мектеп бітіріп, елге келіп қой ба-ғып жүрген кезде совхозға сол аға-йым басқарма басшысы болып кел-ді. Бір шаруамен алдына барғанымда жер-жебіріме жетіп ұрысты. «Сенсіз колхоздың қойы бағылмайды дей-сін бе? Екен де, атан да қой баққаны саған аз болды ма?» деп айтпағанды айтты. Сүмірейіп, үндемей кабине-тінен шығып кеттім. Әкем қайтыс болғаннан кейін сол ағайым келіп: «Қазаққа қойшы керек емес, білімді адам қажет. Қазіргі саясат қазақтың баласын көгертетпеді. Мен сенен мектепте оқып жүрген кезде үміт күтетінімін. Қойды таста да, оқуға кет» деді. Өзімнің де Кенен Әзірбаев айтпақшы, «Құтылар күн бар ма екен, осы қойдан» деп жүрген кезім еді. Даладағы жұмыстың бейнетінен емес, жалғыздығынан қаштым. Те-біндіктей жатып, кітап оқитыным. Сол жерде басқарма басшысына «Оқитын ақшам жоқ. Шешем де жалғыз» деп ашығын айттым. Ол қой қырку маусымынан кейін жі-беретін болып келістік. Басқарма басшысы: «Өл, тіріл оқуға түс. Келесі жылы оқыман деп, қалада бос жұрме» деді. Жақсы адамның шарапаты деген осы екен.

Ауылдан кеткенде «мұғалім бо-ламын» деп кеттім. Ал қандай мұ-ғалім болатынымды білгенім жоқ

Қалада мені ауылымыздың сол жақта оқып жүрген балалары күтіп алды. «Қай факультетке барасын?» деп сұраса, не дерімді де білмеймін. Ақылдасатын да адамым болмады. Миыма келгені «қай жерге бала көп тапсырса, сол жақсы оқу» деген ой болды. Сөйтсем, ең жеңіл оқуға адам көп түседі екен ғой. Барлық факультетті аралап жүріп, Журнал-истика бөліміне оқуға тапсырдым. Мектепте қабырға газетіне, аудан-дық газетке өлен жазатынымын. Журналист деген журнал шығар-тын адам, журнал шығарсам да жаман болмаспын деп сонда тап-сырып жібердім.

ГАЗЕТ МЕНІ АДАМ ҚЫЛДЫ

Аружан НҰРМАХАНҚЫЗЫ: Алғашқы еңбек жолыңызды журнали-стикадан бастасаныз да, жұрт сізді тарихшы-жазушы ретінде көбірек таниды. Әдебиетке келуіңізге не түрткі болды?

— Оқу бітіргеннен кейінгі он жыл аймақта меншікті тілші болып істедім. Кейін «жазушы боламын» деп армандап, Алматыға қайта кел-дім. Журналист болып жүргенде жазған әңгімем жабық байқаудан 1-орын алған еді. Содан өзімді жазу-

алған адамдарға іні болып кеттім. Олар айтқан елдік мәселелер мені 180 градусқа өзгертті.

Салтанат ЖАНДАРБЕКОВА: Тарихты жазу үшін кез келген жазу-шыда білім мен қор болуы керек қой. Ал сіздің алғашқы тарихи зерттеуіңіз не жайлы еді?

— Мынжылдықта ескірмей, адамзат баласына қызмет ететін «жер» ғана. Жер мәселесін көтерүі-ме, қазақтың онтүстігін жаулап ал-дық Қокан хандығы себеп болды. Олардың Қызылорда облысына жасаған әрекеттерінің бәрін білемін. Өйткені Қокан хандығында тө-ртінші билік иесі болған датқа бізге туыс болады. Иман Жүсіптің әкесі Құтпан, Құтпанның әкесі Тұрғанбай датқа. Сол датқа Қоканның қорлы-ғына шыдай алмай, көтеріліске шығып жеңілді. Қокан хандығы «халық көтеріліп кетпесін» деп айла жасап, ынтымақтастық құруға елші жібереді. Сонда Тұрғанбай датқа «Мені алдап шақырып жатқанын білемін. Мен өлгеннен кейін сендер-ге тимейді. Бұлай қашанғы өмір сүреміз. Не қаруымыз жоқ. Ал олар орыстан қару алып алды» деп басын құрбан етеді. Оны қокандықтар тұтқына алып, базардың дәл орта-сында қол-аяғын төрт бағанға керіп,



шы сезіндім. Келсем «Қойшығара деген жазушы келеді» деп ешкім күтіп отырған жоқ екен. Не Жазу-шылар одағына қабылдамады, не баспаға да жұмысқа алмады. Ал журналистикаға қайта баруға на-мысым жібермеді. Сөйтіп жүргенде тағы бір жақсы адам кездесті. Ол студент кезімде жұмыс істеген ра-диодағы бастығым Хайдолла Тіле-мисов еді. Ол кісі менің әрі ұстазым, әрі әкем болды. Мен өз айтқаным-ды істемей қоймайтын адаммын. Біреу ақыл айтса «жарайды» деймін де, бірақ өзім қалағанды істеймін. Оқу бітірген жылы Хайдолла Тілемісов «Алматыда қал» деп айтқан еді, бірақ мен оның сөзін тыңдамай кетіп қалғанмын. Он жылдан кейін Алматыға келгенде ағама барып, жұмыс сұрауға ұялдым. Ақшам да таусылды. Пә-тердің иесі үйді босатуымды күнде сұрайды. Сөйтіп жүргенде Пан-филов көшесінің бойынан Хайдол-ла Тілемісовпен кездесіп қалдым. Мен амандақаннан артық, ештеңе демедім. Бетіне қарауға ұялдым. «Бәрін естіп, сенің жағдайыңды біліп жүрмін. Басыңды көтер. Өмір-де бәрі болады. Енді ондай қателік жіберме. Ертен маған кел, қызмет табылады» деді. Әйелім ұл тапқан-дай қуанып, үйге бардым. Хайдолла аға ол кезде «Қайнар» баспасының директоры еді. Баспаға жұмысқа келіп, өздері әкеліп тапсыратын. «Әдебиет бөлімінде істесен, бүкіл жазушы сенің қолында болады» деді Хайдолла Тілемісов. Сөйтіп, мен қайтадан журналистикаға кел-дім. Осы газет мені адам қылды. Сіздер қазір кітаптан оқып, атын естіп жүрген ұлы тұлғалардың та-лайымен сұхбаттастым. Солар-мен сөйлескеннен көзім ашылды. Жазушы болудың өзі мен ойлаған-дай оңай емес екенін, бір ойды айту керек екенін ұқтым. Сол сұхбат

үстінен қайнаған суды құйып азап-тап өлтіреді. Жалғыз әйел баласы мен датқаның ұлы Құтпанды алып, елі қырылып жатқан кезде қашып құтылады. Екі баламен қашу қиына соққанда, өз кіндігінен шыққан ба-ланы тастап, датқадан ұрпақ қалсын деп Құтпанды алып кетеді. Сол Құт-панды Ақмола облысындағы баласы жокбай асырап алады. Кеңесарының көтерілісіне Құтпан қатысқан. Ал Иман Жүсіпті өздерін білесіндер. Осылайша, Қокан хандығын зерт-тедім. Бір тарауын жазып, жазушы Кәрібай Ахметбекұлына оқыттым. Ол «Мына кітабын шықпайды. Шықса сен сотталасын. Не жазып жатқаныңды өзің білесің бе? Цен-зурадан өтпейді!» деп қолжазбамды қолыма ұстатты.

БІЗГЕ ШЫНАЙЫ ТАРИХ ҮЙРЕТІЛМЕДІ

Дильназ РАФАИЛОВА: Сіздің Қытай еліне арнайы іс-сапармен бар-ғаныңыз бәрімізге мәлім. Қытай жылнамаларындағы мұрағат дерек-терін пайдаланып, қазақ тарихын зерттеу барысында қандай қиындық-тарға тап болдыңыз?

— Тарих атасы Сыма Цяньның еңбектері мені жарық дүниеге қайта алып шықты. Қытайда жүріп тарих-ты зерттеп, роман жазып бастадым. Ол кезде біздің не бір тарихшымыз, не бір жазушымыз Қытайдың мем-лекеттік мұрағатына кіріп көрмепті. Ал кімнен сұрасаңда «біздің тарих — Қытайда» дейді. Мен мемлекеттің қолдауымен Қытайдың мұрағатына кіріп, халқымыздың тарихын түген-дедім. Бірақ Қытай жоқтан құпия жасайтын ел. Сондықтан мен ол жаққа өзімді жазушымын деп та-ныстырдым. Мен архивтің дирек-торын үйге шақырып: «Қазақта егер жол түсіп шетелге бара қалсаң, ал-ғашқы кездескен адамың сенің туысың болады» деген мақал бар деп айттым. «Қазақстанға келсен сенің туысың мен, Қытайға келсен менің туысым сен. Қытай мен қазақ бүгін араласып жатқан жоқ. Көптеген ғасырда айтыс та, тартыс та, шабыс та болды. Мен осы халықтың терең-



ге сүңгіген достығын жазайын деп келдім. Басқасында шаруам жоқ» дедім. Содан кейін олар мен іздеген кітаптарды лезде тауып отырды. Олардың мұрағаты бір қаладай. Әр кітаптың үш түрлі нұсқасын береді. Біреуі қазақша, біреуі манджурша, біреуі қытайша. Осылай мен біраз пайдалы мағлұмат алдым. Міне, бұл жақсы адамдардың көп кездескені-нен.

Асыл ЖИЕНБАЙ: Қазір біз өзі-мізді «данышпан халық едік» деп мақтан тұтамыз, бірақ өткеннің ауыр сабақтарын ұмытып кеткендейміз. Сіздің ойыңызша, шын мәніндегі тарихи таным мен ұлттық санаы қалпына келтіру үшін не істеуіміз керек?

— Иә, бұл ащы да болса, шын-дық. Көпшілігіміз ата-бабамызды «данышпан», «кеменгер» деп айт-қанды жақсы көреміз. Бірақ «Не-ліктен сол данышпан халық 300 жылдай боландықта болды?» деген сұраққа келгенде бәрі тосылып қа-лады. Мұның себебі бізге шынайы тарих үйретілмеді. Біз мектепте де, университетте де өзіміздің терең, тұтас тарихымызды оқымадық. Кешегі күнге дейін Қазақстанның тарихы қазан төңкерісінің қарсаңы-нан басталатындай көрініс беретін. Одан бұрынғы мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, өркениетке қосқан үлесіміз көмулі күйінде қалды. Сондықтан да мен өзім тарих іздеп Афинадан бастап, Ыстанбұл, Ан-кара, Петроград, Мәскеу, Қытайға дейін шолып өттім. Іздендім. Ізден-істен шыныдық туады. Қазір сіздер бақыттысыздар. Интернет, жасан-ды интеллектіге дейін қолжетімді. Бірақ бір ескерерлігі бәрі бірдей ақиқат емес. Қай дерек дұрыс, қай-сысы бұрыс екенін білу үшін көп оқу керек. Түрлі көзқарас, түрлі дерек, түрлі автор. Сонда ғана шын-дық айқындалады.

Өмір деген — тау. Ол таудың басына шығу оңай емес. Дауылы болады, тас түседі, көре алмайтындар, қызғанышпен қарайтындар, аяғын-нан шалатындар табылады. Бірақ бір



Біз қазір бесінші өркениетте тұр-мыз. Бірақ тарихтағы әр өркениет шыңға жеткен сәтте қайтадан күй-реген. Бұл да заңдылық. Бүгінгі жағдайға қарасақ, біз де сол күй-реудің қарсаңында тұрғандаймыз.

шындық бар: егер талпынып, тыры-сып, адал жүрсен етекте қалмайсың. Әр адам өз биігіне жетеді. Мұның барлығының түп-тамыры — таным мен түсінік. Таным деген не нәрсе, кім деген сұраққа жауап табу. Ал тү-сінік — сол танымның нәтижесі. Та-ным-түсінігі дұрыс адамнан өткен данышпан жоқ. Өзінді тану арқылы ғана ұлтыңды, тарихыңды, адам-затыңды түсінуге болады.

БІЗДІҢ БУЫН — ШЫН ДАНЫШПАНДАРДЫҢ СОҢҒЫ КӨЛЕҢКЕСІ СЕКІЛДІ

Жанель ЕРКИНБАЕВА: Ұлы Абай: «Сөз ұқпайтын ақымақтан күнде жеңілмеі» деген екен. Қазіргі қоғам сөздің қадірін түсініп жүр ме? — Тарих сөздіс жатыр. Ал сөз — адамның жаратқан ең ұлы қаруы. Ғылым да, дін де адам ақыл-ойы-ның жемісі. Эйнштейн айтқандай,

бұлардың үшеуі — бір алып ағаштың бұтақтары. Бір-бірінен бөліп қа-рауға болмайды. Дінсіз ғылым — аксак, ғылымсыз дін — соқыр. Ал осыны ұғындыратын тарих. Тарих деген — ата-бабаның ізімен қалған өмірбаян. Адамның сәбилік шақтан бастап пенделшілікке дейінгі барлық қадамын шежіредей шертіп береді. Адам алғаш жаратылғанда пәк еді, санасы таза еді. Ол алтын дәуір болатын. Кейін адам бойына нәпсі мен пенделшілік араласа бастаған сөттен-ақ құлдырау кезеңі бастал-ды. Біз қазір бесінші өркениетте тұрмыз. Бірақ тарихтағы әр өркен-иет шыңға жеткен сәтте қайтадан күйреген. Бұл да заңдылық. Бүгінгі жағдайға қарасақ, біз де сол күй-реудің қарсаңында тұрғандаймыз.

Ең үлкен қателік адамның өзін ұмытуы. Өзінің кім екенін, қайдан шыққанын, қандай құдіретке ие екенін білмеуі. Біз өзімізді емес, өзгелерді тыңдаймыз. Өз сөзімізден емес, бөгденін сөзіне сенеміз. Сол себепті халық өз құдіретін жоғалта-ды. Абай айтқандай, «Қараңғыны қармап жүріп күнді күту» халіміз — осы. Адам баласының түзелуі — сана түзелгенде ғана мүмкін. Оған ешқандай үкімет, ешқандай ұран көмектеспейді. «Құдайдың екінші аты — халық» деген сөз тек халық оянғанда, халықтық сана биікке жеткенде ғана ақиқатқа айналады. Ал сана оянбаса, халық тобырға айналады. Кім көрінгеннің жетегін-де кетеді. Сөз — ұлы күш. «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» дейді. Сөз — тіріні өлтіріп, өліні тірілтетін құдірет. Мөнке бидің «Естіге айтқан асыл сөз шыңға тіккен түмен тең» дегені осыдан. Есті құлақпен есті сөз тыңдалса, елдің де, ердің де бағы жанады.

Шыны керек, біздің буын — шын данышпандардың соңғы көл-енкесі секілді. Бұрынғы ақсақалдар төст сөйлемейтін. Олар сөздің қа-дірін білетін, елдің жайын, ұлттың мұратын сөйлейтін.

Аружан НҰРМАХАН: Аға, жаңа бір сөзіңізде, біз бесінші өркениетте

солар жасады дейміз. Ал олар бізді «малдың соңынан жүрген жабайы-лар» дейді. Сол өркениеттегі адам-дардың ішінде ерекше болып та-рихқа енген мақтаныштарының нақыл сөздерін келтірейін.

XIII ғасырда ағылшынның Роджер Бэкон деген философын: «Мен Еуропа халықтарының түрік-терді жабайылар дегенін түсінбей-мін. Адамгершіліктің, рухани мә-дениеттіліктің, ұлттық бірліктің үлгісін көрсеткен түріктерді қалай жабайы деп айта аламыз. Адамзат баласында бұларға жеткен ешкім жоқ» деген сөзі бар. XIV ғасырда немістің әрі саясаткері, әрі дін-басысы Мартин Лютер: «Ей, неміс-тер! Түріктерді бөгемендер. Олар Германияны жаулап алсын. Әділет-тілік пен зақымдылықтың не екенін бізге солар үйретеді» дейді. XVII ғасырдың жазушы, философы Шарль Луи де Монтескьё өзінің бір сөзінде: «Әлем халықтарының ішінде жаугершілік ерлік көрсету-ден бірде-бір халық түріктерге жет-кен жоқ. Түріктер шын мәніндегі әлемнің билеушісі болды. Құдай басқа халықтарды соларға қызмет етсін деп жаратылғандай етті» деген екен. Тағы сол сияқты XVIII ғасыр-дың ғалымы Альфонс де Ламартин де түріктер туралы: «Адамзат бала-сына мәдениетті, өркениетті алып келген түріктер еді. Сол арқылы адамзат баласын данқа бөлектеген де түріктер еді. Түрікке дұшпан болу деген сөз бүкіл адамзат баласына дұшпан болу. Құдай мені сондай күпірліктен сақтасын» деген екен.

Мен білмейтін демендіздер. Ин-тернеттен бір ғалымды іздеп зертте-сеніздер, ол талай басқа ғалымдар мен кітаптарға алып шығады. Осындай ізденіспен оқысаңыздар сол саланың ең білгірінің бірі бола-сыздар.

АДАМДЫ БІІК ЕТЕТІН — АҚЫЛ МЕН ТӘРБИЕ

Гүлнаурыз СОЯН: «Өркениеттің бесінші сатысында тұрмыз» деп айттыңыз және рухани құлдырауда-мыз деліңіз. Осы адами құлдырау неден басталады деп ойлайсыз?

— Адам баласы пенде емес, першеге болып туды. Пенделікке көшкен — өзі.

Әуелде мынандай сөз бар: «Өзінді таным» деген. Қазір әркім өзін өзгеден артық санайды. «Өзінді өзін таны» дегенге ешкім мән бер-мейді.

Менінше, өзінді тану дегені-міз — Алла әуелі жануарлар мен тіршілік иелерін жаратып, содан кейін олардың мықтыларынан бір-бір қасиетті адамның бойына дары-тып, өз тарапынан адамға адамдық қасиеттерді беруі. Яғни, адамдық — адамда ғана бар, ал өзге жануарлар-дың бәрінің қасиеттері біздің бойы-мызда бар. Енді ойлансақ, біз — адамның баласымыз, кейпіміз — адам ғой... Міне, адам екенімізді білу, адамдық кейпімізді сақтау, адамдық қалпымызды бұзбау, адам-ша өмір сүру деген сөздердің барлы-ғы осы өзінді тануға саяды. Соны-мен, өзінді өзін танысан ғана пен-делік жолға түспейсің, адамдық жолға түссесің. Біз бәріміз ақыл, қабілет, күш тұрғысынан бірдей болып жаратылдық. Сондықтан Құдайдың берген қабілетін пайда-лануымыз, өзімізді дамытуымыз керек.

Ерсұлтан АЛПЫСБАЙ: Сізге өмірлік бағыт-бағдар берген әкеніңіздің қалдырған рухани мұрасы жайлы не айтар едіңіз?

— Мен кіндіктен жалғызбын. Шешем бірнеше құрсақ көтерсе де, бәрі шетінеп кетіпті. Кенжесі мен-мін. Қойшы болса да алдымызда жүрсе екен деп ырымап «Қойшы-ғара» қойыпты. Менің әкем — жалы-сы тасқа таңба басқандай мықты, көрген-біткенін ұмытпайтын ерек-ше жан еді. Есте сақтау қабілеті — бір бөлек әңгіме. Менің балалық ша-ғымда, оның зердесіндей зерделі адамды кезіктірмеппін. Бірақ сон-шалық қабілетпен, ол тек қой бағып жүрді. Иә, аты қойшы болғаным-мен, заты қойшы болмады, тірі кітаптай еді. Көзін жұмып алып, қисса-дастандарды толғап отыратын. Әлдебір ескі жырлардың ішіне еніп кететін. Тек жырмен шектелмей, елге еңбегімен еленген азаматтар-дың да атын атап, бізге үлгі ететін. Ненің ақ, ненің қара екенін, ненің әділ, ненің әділетсіз екенін сол кен далада жүріп-ақ үйретті. Ол кезде ақсақалдар нағыз дана еді. Олар ардақ тұтылатын, арзан сөзге бар-майтын. Ел тағдырын таразылай-тын, сөз салмағын білетін. Мен үшін өкемнен үлкенің бәрі әке болды. Олардың әрісі, әр әңгімесі — өмірге ұстаздық етті. Менің жүрегімде, менің болмысымда сол өкенің ізі бар. Өмірде егер бір жақсылықа ұмтылып, бір жарыққа қарай бет алсаң — бұл өкем мен шешемнің маған берген тәрбиесінің жемісі. Себебі адамды биік ететін ақыл мен тәрбие ғой! Абай айтқандай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек...»

— Әңгімеңізге рақмет!

Дайындаған Көктем ҚАРҚЫН, Әсет ҚАЛИ

ПАРАСАТ

5 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Баянауылды бір көрген жан оның көркем табиғатына ғашық болмауы мүмкін емес. Көк тіреген қарағайы мен көгілдір көлдерінің арасынан бауу ескен самал жел де, аспанмен тілдескен Ақбет тауы да әлдебір тылсым күймен сыр шерткендей. Бұл өлке – жай ғана сұлу табиғаттың қойнауы емес, қазақ рухани-ятының алтын қазынасы. Сол қазынаның тереңінен бір шымшым тарих суырсаңыз, ішінен алыптар шыға келеді. Бұқар жырау толғаған, Мұса Шорманұлы ел билеген, Қаныштай кемеңгер ғылымның атасы атанған – киелі топырақ бұл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Баянауыл баурайы – тектілердің берекелі бесігі» деуі тегін емес болса керек. Тарихтың қатпарынан тамыр тартып, бүгінге жалғасқан сол ұлы көштің ішінде, сол шоғырдың шырағын сөндірмей келе жатқан жандар бар. Солардың бірі – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Халықаралық «Сәтбаев қоры» қамқоршылар кеңесінің төрағасы Алтынбек Нұхұлы.

Алтынбек Нұхұлы — туған жерінің топырағын маңдайына жакқан, қасиетті мекеннен алған қуатты шабытқа, рухани мұраға айналдыра білген азамат. Ол — Қаныш Сәтбаевтың көзін көрмесе де, сөзін көкірегіне түйіп өскен ұрпақ. «Бұл — Қаныш туған ауыл» деген сөз бала кезден құлағына сіңіп, жүрегіне ұя салған еді. Содан бастап ол өмір жолын ғылым мен руханиятқа, елге қызмет етуге арнап келеді. Қаныштың ізі қалған соқпақпен жүріп өтті, сол ізімен жүріп, өзінің жолын тапты.

Баянауылдағы Аккелін болысы — бүгінгі Мұса Шорман ауылы — Алтынбек ағаның кіндік қаны тамған мекен. Бұл жердің әр бұлағы мен белесі, әр төбесі мен шоқысы тарихтың таңбасын аркалап тұр. Мұса Шорманұлы бастауын салған ауыл, Сәдуақас Мұсаұлы ашқан алғашқы мектеп, Қаныш Имантайұлы алғаш әліппе таныған қара шанырақ бәрі-бәрі ағаның балалық шағының естелігі ғана емес, рухани темірқазығына айналған құндылықтар.

«Болмасан да ұқсап бақ» деген Абай сөзін санасына сіңіріп өскен жан «Қазақтың тарихы мен тағдыры туған жердің топырағынан басталады. Қаныштай алыптың туған жерінде дүниеге келіп, ғылым мен рухиятты жолында тер төгу — менің маңдайыма жазылған бақ» — дейді өзі. Бұл сөз — жай ғана мәртебе емес, бұл — туған жерге деген махаббаттың, ұлы мұратқа деген адалдықтың айғағы. Ұлы мұхиттар кішкентай бұлақтардан басталатыны сияқты, алып тұлғалар да қарапайым ауылдардан өсіп шығады. Алақандай ауылдан арман сапарына аттанған жас азамат бүгінде кемел қайраткер тұлғаға айналып, алпыстың асуынан өрлеп, пайғамбар жасына келіп отыр.

Алтынбек Нұхұлы — қай салада болмасын нақты іспен дәлелденген, өнегелі өмір жолымен өскелен ұрпаққа үлгі болар тұлға. Ғылым мен мәдениетті ұштастырған мұндай зиялы жанның еңбегі ұрпаққа өнеге. Туған халқының ақ батасын алып, елдік істердің басында жүрген қайраткердің қай ісіне тоқталсақ та азаматқа тән адалдықты, тау суындай тазалықты, күн нұрындай жүрегіңдегі жылылықты байқаймыз.

БАТАНЫҢ БАҒАСЫ: МҰСА, МӨШПҮР, ҚАНЫШ — ҮШ ДӘУІРДІҢ РУХАНИ ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Қазақ халқы үшін бата — жай ғана тілектің не дұғаның формасы емес. Бұл — рухани бағыт пен өмірлік бағдардың киелі кілті. Бата — ұлттың рухани мәдениетінде атадан балаға, ұстаздан шөкіртке, ділмardan данаға, мирас болға көрeгeндік жолы. Ол — болашақты болжау, жақсыны жарқырата алу, жаратқаннан тілек тілеу ғана емес, рухтың жүгін аманаттау.

Осындай киелі рухтың алтын арқауын жалғаған Мұса, Мөшпүр, Қаныш сынды дара тұлғалар бар. Бұл үшеуін бір тізбекке біріктіретін ортақ желі — бата рухы.

Бір кездері Мұса Шорманұлы — ел басқарған көсем, сөз ұстаған шешен, дәуіріне сай әділет иесі — жас Адам Жүсіпке алғаш рет «Мөшпүр» деп ат қойған. Бала Жүсіп сегізден тоғызға аяқ басқан шағында сөз саптауы мен ділмaрлығын байқаған Мұса мырза оған батасын беріп, рухани жолын ашқан. Сол күннен бастап халық арасында ол Мөшпүр Жүсіп деген атпен танылды.

Кейінірек, Мөшпүр Жүсіптің өзі жас Қанышқа бата берген. Әулиелігімен танылған дана Мөшпүр 22 жасар Қаныштың көзінен нұрды, маңдайынан дарынды таныған. Батасы қабыл болып, «Қазақтың Қанышы» атанған алғашқы академик Сәтбаев Елімізді әлемге танытты! Мұса, Мөшпүр, Қаныш — үшеуі де тек өз дәуірінің даналары емес, бір-біріне жол көрсеткен рухани жалғастықтың шамшырақтары. Осы даналардың бір ауылдың топырағын басып жүргендігі ғана емес, Мұса мырза салған ағаш үйлердің бірінде алдыменен 10 жасар Мөшпүр Жүсіп Қамаритден хазіреттен білім ала, кейіннен сол үйдің бірін 1903 жылы Сәдуақас Шормановтың ұсынысымен алғашқы орыс-қазақ мектебі болып ашыл-

ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН ТҰЛҒА



ғаннан кейін 10 жасында Қаныш Имантайұлы да білім алған. Бүгінгі көркейген ауылда осы орындарға тарихы жазылып белгітастар қойылды. Ауыл тарихына қатысты осы белгітастармен бірге Мұса Шорманұлының туған жиені, тұңғыш саяхатшы жиһангер Шоқан Уәлихановтың да табаны тиген жер болғандықтан белгітасын қайта қойып, ол жер абаттандырылды. Тарихты жаңғырту идеясын айтып, оны нақты іске асырған Алтынбек Нұхұлы болатын.

АТА-БАБА РУХЫН КАСТЕРЛЕУ ЖОЛЫНДА

Тарихқа көз салсақ, ата-баба рухын кастерлеу — қазақ халқының рухани коды, тарихи жадының өзегі. Тәуелсіздікпен бірге осы құндылықтарға бетбұрыс жасалып, сан ғасырлық әділетсіздікке ұшыраған ұлт қайраткерлері қайта жаңғырып келеді. Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы Мұса Шорманұлын кеңестік дәуірде бай-шонжар деп, оның есімі бұрмаланып, тарихи бейнесіне көлеңке түскені белгілі. Алайда егемен ел болғалы бері Мұса мырзаға қатысты ақиқат ақтарылып, тарихи әділет қалпына келе бастады. Бұл ретте 2018 жылы Мұса Шорманұлының 200 жылдық мерейтойына орай өткізілген іс-шаралар — ұлт руханияты үшін тағылымды, тағдырлы оқиға болды.

Сол игі істің басы-қасында жүрген азамат — белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, тектінің тұяғы Алтынбек Нұхұлы. Ол 2005 жылы Жетісудың Алтынемелінде жерленген Шоқан Уәлихановтың басынан алынған киелі топырақты Баянауылдағы Мұса мырза бабасының басына апарып қою рәсіміне тікелей атсалысып, тарихи сабақтастықты жүзеге асырды. Сол арқылы Мұса Шорманұлының кесенесінің бой көтеруіне жетекшілік етіп, игілікті істің бел ортасында жүрген тұлға ретінде ел алғысына ие болды.

Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, атақты архитектор Шот-Аман Уәлиханов бұл жөнінде ерекше ықыласпен атап өтіп:

«Ұрпақ үшін, ата-баба рухы үшін жасап жатқан істерің белгілақта өз он бағасын алады деп білемін. Ұлтымыздың арысы Мұса Шорманов есімі жасөспірім ұрпақтың әрқайсысының жүрегіңде жүруге тиіс», — деп жазған еді.

Бұл — тек бір тұлғаға тағзым емес, бүтін бір ұлттың өткеніне, мәдени жадына, рухани мұрасына

жасалған тағзым. Мұса Шорманұлы сынды арыстарды ұлықтау — ұлтты ұлықтау.

Бүгінгі Мұса Шорман ауылы кезінде Аккелін болысы болып, кешегі кеңестік саясаттың түмшасымен 1928 жылы «бай мен кедей тенеулі керек» деп «Тендік» атанып еді. Тарихи әділеттілікті көздеп, туған жердің тылсым үнін жүрегімен сезінген Алтынбек Нұхұлы бастаған азаматтар 90 жылдан кейін, 2018 жылы ауылына Мұса Шорманның есімін беруге тікелей атсалысып, тарихи әділдікті орнатты. Бұл жай ғана бір атаудың ауысуы емес еді. Бұл — бабаға тағзым, рухқа құрмет болатын.

Мен алғаш рет 2021 жылы осы ауылға, «Бостандық жырының божорғасы» атанған көрнекті акын Несіпбек Айтулы ағамыз Қаныш Сәтбаев туралы поэма жазбаққа бекініп, Баянауылға сапар шеккенде ілесіп бардым. Сол кезде бұл өңірдің құнарлы тарихын, көзге көрінбейтін, бірақ жүрекпен сезілетін тылсым тынысын жан дүниеммен ұғындым. Осы сапарды ұйымдастырып, туған жерінің тарихымен терең таныстырған Алтынбек аға болатын. Ауыл одан бері де қатты өзгеріпті. Заманға сай түрленіп, дамуудың жана жолына түскен. Алтынбек ағаның сол кезде іске асырса деп жоспарлап жүрген көп ойы орындалыпты. Мұның бәрі — іштен шыққан перзенттің перзенттік борышы деп ұқтым.

Бұл ауылдың өзгешелігі тек инфрақұрылымдық өсімінде емес, ұлттық идея мен тарихи жалдыға негізделген кешенді дамуында. Мұнда тек ауыл келбетін жаңғыртып қоюмен шектелмей, ұлттық сана мен елдік мұратқа негізделген жұмыстар жүйелі түрде іске асқан. Ауылдан шыққан тарихи тұлғаларды ұлықтау, олардың есімін ұрпақ жадына сіңіру — бұл елдік идеяға қызмет ететін кешенді жобалар арқылы жүзеге асып келеді.

«Өлі разы болмай, тірі байымай-ды» дейді дана қазақ. Бұл — ата-бабадан жеткен тектіліктің, ұрпаққа қалған рухани аманаттың айқын көрінісі. Аруаққа тағзым етіп, өткенге құрметпен қараған елдің ғана болашағы жарқын болатынына уақыт дәлел. Жаңғырып жатқан Мұса Шорман ауылының әрбір жетістігі — сол рухани тамырдан нәр алған игіліктің жемісі. Мұса мырза әулетінің сәулетті кесенесі бой көтергеннен кейін, ауыл ажары кіріп, көшелер асфальтталып әрі жарықтандырылып, Мәдениет үйі салынып, академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп заманға сай күрделі жөндеуден өтіп, тіршілік тузу жолға түсті. Ауылдың ісі оңа басты. Туған

ауылының тарихына терең бойлаған Алтынбек Нұхұлы, ұрпақ жадынан көмескі тартқан шындықтарды қайта тірілтті. Сол еңбегі еленіп Баянауыл ауданының Құрметті азаматы атанды.

Бірақ оның ұлт алдындағы еңбегі тек туған ауылымен шектелмейді. Алтынбек Нұхұлы ағамыз Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өтуге мұрындық болып, оның жүзеге асуына тікелей атсалысты. Ғұлама ғалым туралы құнды еңбектер — 30-дан аса кітаптардың жарыққа шығуына ұйытқы болды. Бұл —

руханият алдындағы шын жанашырлықтың айғағы. Осы істері де еленіп, әріне Ертіс-Баян өңіріне бірнеше жыл бойы сіңірген ерен еңбегі үшін Алтынбек Нұхұлы Павлодар облысының Құрметті азаматы атағына да лайық деп танылды. Екі мәрте құрметке ие болған азаматтың бұл еңбегі — ұрпаққа үлгі, елге өнеге.

ТҰЛҒАТАНУ — ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТӨМІРҚАЗЫҒЫ

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлт ретінде ұйысудың, рухани тұтастыққа жетуің бірден-бір жолы — тарихи сананы жаңғырту, елдік мұратты ұрпақ санасына сіңіру. Осы тұрғыда «тұлғатану» идеясы аса өзекті. Өйткені ұлт тарихын тұлғалар арқылы танып, елдік ой-сананы қалыптастыру — ұрпақ тәрбиесінің өзегі. Тұлғатану — өткенді құр еспеттеу емес, керісінше, соны болашақпен сабақтастыра отырып, жастардың бағыт-бағдарына айналдыру. Дегенмен өкінішке қарай, тұлғатану елімізде кенжелеп қалған сала. Мектеп бағдарламасында бұл бағытта бірізділік жоқ, қоғамда жүйелі идеологиялық жұмыс өз деңгейінде жүргізіліп жатыр деп айта алмайсың. Осы кемшілікті түзеуге тырысып жүрген санаулы азаматтың бірі — Алтынбек Нұхұлы.

Ел тарихын тірілітіп, ұмыт қалған тұлғаларды қайта танытудың бір көрнекті үлгісін насихаттауда, ұлт тарихына деген құрметті нақты ісімен көрсетуде, ұлт жанашыры ретінде Алтынбек Нұхұлы Павлодар облысындағы тұлғатану жұмыстарының жаңа дәуірін бастады.

2017-2020-жылдары аралығында 150 тарихи тұлғаға арналған қазақ және орыс тілдеріндегі 200 қысқаметражды деректі фильмдер түсіріліп, рухани мұраның көркем хроникасы жасалды. Бұл бастамалар ел ішіндегі тұлғатану қозғалысының қарқын алуына негіз болды.

Оның бастамасымен 70-тен аса тарихи-танымдық кітап жарық көріп, туған жерінде кешендер мен мемориалдық тақталар ашылды. Павлодар облысының киелі жерлер картасы мен «Өлкетану» оқулығы жазылып, мектеп бағдарламасына енгізілді. Сол кезде Павлодар қаласында ұлы акын Абай мен ән падишахы Естайға, ал елорданың көрнекті жерінде — Қазақтың алғашқы академигі Қанышқа ескерткіш орнату туралы маңызды бастама көтерілді. Павлодар қаласында Әлкей Марғұлан, Олжас Сүлейменов сынды ұлт зиялыларының атымен аталатын ғылыми-танымдық орталықтар, Қазақстанға белгілі ұлағатты ұстаздарға арналған арнайы кабинеттер мен бұрыштар ашылды.

Алтынбек Нұхұлының бастамасымен өткен ғылыми-практикалық конференциялар мен естелік кештерде, баспаға дайындалған жинақ кітаптарда аталған тұлғалардың өмірі мен қызметі жан-жақты зерделеніп, кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылды. Нақты іске асқан «Баянауылдың біртуарлары» атты жоба — соның дәлелі. Бұл жоба аясында өңірден шыққан 35 тарихи тұлғаның бейнесі мен өмір жолы заманауи форматта, «Алтын домбыра» иегері, айтыскер акын Аспанбек Шұғатайдың өлеңдерімен өрленіп, лайфтоқстар кешені ретінде туған ауылына орнатылды. Бұған дейін «Баянауыл перзенттері» атты кітабында Алтынбек Нұхұлы туған елдің тарихи тұлғалары мен белгілі адамдарын ерекше форматта жазып шыққан болатын. Тек ғылым мен білім саласына ғана емес, ол туған өлке тарихын зерттеуге, тарихи тұлғаларды ұлықтауға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше көңіл бөлді. Мұның бәрі де тұлғатану саласындағы нақты іске асқан игілікті іс-шаралар.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЭТНОТУРИЗМДІ ДАМУ — РУХАНИЯТҚА КОСАР ҮЛЕС

Мұса Шорманұлы есімін, жалпы Шорман би мен Сәтбай қажы әулетінің рухын жаңғырту тек тарихи тұлғалардың ғана емес, тұтас ұлттың тарихи жадына, рухани тамырына қайта үнілуімен байланысты. Бұл бағытта жасалып жатқан игі бастамалар жүйелі жалғасын табуға тиіс. Алайда ұлы тұлғаларға тағзым тек кесене немесе белгітас тұрғызумен шектелмеуі керек. Олардың жатқан мекенін халыққа қолжетімді ету — қазіргі ұрпақтың парызы.

Осы тұрғыда Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлының Үкіметке жолдаған депутаттық сауалында келтірілген мына мәселе — елдік маңызға ие:

«Тәуелсіздігіміздің арқасында бұл өңірде Бұхар жырау мен Мөшпүр Жүсіп және Мұса Шорманұлы кесенелері әулім боп бой көтерді. Алайда «Көмекей әулие» Бұхар жырау мен «Көріпкел әулие» Мөшпүр Жүсіптің арасындағы осы үш кесенені қосатын небәрі 30 шақырым жолдың осы уақытқа дейін қосылмай жатқандығы көңілге қаяу түсіреді».

Бұл — жай ғана жол емес, ұлт руханиятының құртамалары іспеттес бағыт. Аталған 30 шақырым жолдың бойында әулие бабалардан басқа Ертіс-Баян өңіріндегі алғашқы орыс-қазақ мектебін ашқан, ағартушы-акын, биыл 175 жылдығы болатын Сәдуақас Шормановтың зираты мен ашық аспан астындағы музей, академик Қаныш Сәтбаевтың ата-анасы Имантай мен Әлиманов мазарлары, Сәтбай әулетінің қорымы, Имантай би үйінің орны, Алаш қайраткері Әбікей Сәтбаевтың, 37-нің құрбандары Бөкеш және Әбдікәрім Сәтбаевтар, әлемдік тұлға Қаныш Сәтбаевтың кіндік қаны тамған қасиетті мекендер бар. Бүгінде әлем жұртшылығы тамсанған «Алтын адамды» алғаш тапқан ғалым Кемел Ақышевтің кіндік қаны тамған жерін де туристік бағытқа айналдыру, белгілі тұлғалар мәңгі тыныстап жатқан осы өңірлерді тарихи-мәдени кластерге айналдыру — маңызды мәселе. Бұл этнотуристік дайын маршрут. Бұл — Алтынбектің асыл арманы, іске ассын деген ақ тілеуі.

ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛЫНДА

Алтынбек Нұхұлының бастамасымен 2017 жылы XVIII ғасырда өмір сүрген мәмлeгeр, мемлекет қайраткері Сұлтанбет сұлтанның Павлодар қаласындағы тарихи үй-жайы қалпына келтіріліп, бүгінде ғылым-танымдық орталық ретінде қызмет етеді. Бұл нысанмен бірге Мұса Шорманұлына арналған кешен де республикалық маңызы бар қасиетті жерлердің картасына енді. Қос тұлға — Сұлтанбет сұлтан мен Мұса Шорманұлының өмірі мен қызметін жаңғырту арқылы Алтынбек Нұхұлы елдік жалды қайта тірілті. Бірі — оң жағалауда отарлық саясатқа қарсы күресіп, елдің тұтастығын қорғаған мәмлeгeр болса, екіншісі — сол жағалауда отарлық саясатқа қарсы күресіп, елдің тұтастығын қорғаған мәмлeгeр болса, екіншісі — сол жағалауда ағартушылық пен ғылымның шамын жаққан тұлға. Бұл — Ертіс өңірінің қос қанаты іспетті параллель тағдырлар еді.

Павлодарда басталған Қаныш Сәтбаевтың ескерткішін орнату ісінің соңғы сәтіне дейін Алтынбек Нұхұлы «Халықаралық Қаныш Сәтбаев қорының» қамқоршылар кеңесінің төрағасы ретінде жобаның қаржылық және ұйымдастырушылық аспектілерін үйлестіріп, мемлекеттік және қоғамдық қолдаудың нығаюына септігін тигізді. Нәтижесінде, 2021 жылы 3 шілдеде — Елорда күні қарсаңында — академик Қаныш Сәтбаевтың еңселі ескерткіші Астананың орталық алаңында ашылды. Бұл шара — еліміздің ғылым және мәдениет саласындағы маңызды жетістіктерінің бірі ретінде қабылданып, көпшілік қауымның зор ықыласына бөленді. Ескерткіштің ашылуы Қазақтың Ұлы ғалымына деген құрмет пен алғыстың көрінісі ғана емес, сондай-ақ жас ұрпақты ұлт тарихы мен ғалымның идеялары арқылы рухани тәрбиелеудің маңызды қадамы болды.

Бұдан басқа, Алтынбек Нұхұлының тікелей бастамасымен туған ауылында «Аккелін тарихи-мемориалдық кешені» ашылды. Бұл кешеннің құрамында ашық аспан астындағы музей және «Туған жердің тарихи тұлғалары» атты музей орналасқан. 2018 жылдың қазан айында мұндағы барлық жұмыс толық аяқталып, музейлердің тұқыускері өтті.

Алтынбек Нұхұлы музейлердің құрылуына демеушілік жасап, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, тарихи экс-

понаттарды жинақтауға, көрмелерді ұйымдастыруға белсене араласты. Оның бастамасымен жергілікті зиялы қауым, ғалымдар, мәдениет және білім саласының мамандары бірлесіп, өңірдің тарихы мен мәдениетін халыққа кеңінен таныстыруға күш жұмсады. Қазір бұл музейлер — тарихи танымды кеңейтуге, туған өлкенің ұлы тұлғаларының өнегесін туристерге де дәріптеуге және жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған рухани игілік орталықтары ретінде қызмет етуде.

Ұлт мақтанштары — Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сынды ұлы ғұламалар шәкірті болып алдынан өткен, олардың ұлағатты ұстазы, Алаш қайраткері, репрессия құрбаны болған, осы ауылдың тумасы Әбікей Сәтбаевқа 2019 жылдың 24 шілдесінде Павлодар қаласында, ал 2023 жылы 7 шілдеде Семей қаласында мемориалды тақталар орнатылып, оның 140 жылдығы аталып өтті. Алтынбек Нұхұлы мемориалдық тақталарды орнату ісіне жан-жақты демеушілік жасап, ұйымдастыру жұмыстарын үйлестірді.

Тарихи орындарға белгітастар орнату жұмыстары «Өткендерін жек көру — өшкендіктің белгісі, өткендерін ескеру — өшкендіктің белгісі» деген ұлағатты сөзге негізделіп жүргізілді. Жалпы саны 25-ке жуық белгітастар Баянауыл өңіріндегі қызылқұрен тастарға, сондай-ақ гранит тастарға ойылып жазылды. Бұл белгітастарда Абай Құнанбайұлы, Мөшпүр Жүсіп Көпейұлы, Саққұлақ би, Біржан сал, Ақан сері, Жанқұтты шешен, Григорий Потанин, Николай Ядринцев, Александр Гейнс, Дмитрий Путинцев, Смағұл Сәдуақасов, Зында Шорманов, Жүрсін Бәтенов, Мұса Шорманұлы, Шоқан Уәлиханов, Сәдуақас Шорманов, Қаныш Сәтбаев сынды тұлғаларға және тарихи орындарға арналған ұлағатты сөздер жазылды.

Академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойының мемлекет көлемінде аталып өтуіне бастама көтерген Алтынбек Нұхұлы депутаттық сауалында 52 тармақтан тұратын кешенді жоспардың жобасын ұсынып, ресми түрде Үкімет деңгейінде бекітілуіне мұрындық болды. Әрбір тармақ — Қаныш Имантайұлының өмірі мен мұрасын жан-жақты насихаттауға бағытталған жүйелі шаралар кешені.

Канекеннің 125 жылдық мерейтойының туған өңірінде 16-17 тағмыз күндері аталып өтуіне Алтынбек Нұхұлы қазақ зиялыларының басын қосып, елге рухани көшті бастап барды. Баянауылдағы бастан-аяқ өткен мерейтойлық шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылып, абыроймен өтуіне жетекшілік етті. Өзі оқыған Қаныш атындағы мектептің күрделі жөндеуден өтіп, қаланың мектебінде кем түспейтін күйге келгендігі, сыртқы қабырғасының екі бұрышынан Канекеннің нақыл сөздерімен үлкен екі муралы келген қонақтарды қарсы алып тұрғаны, ал ішінде Сәтбаевтан басқа қаншама тұлғалардың суреттері мен тәрбиелік мәні бар сөздері жазылғандығы өз алдына бір бөлек.

Қорыта айтқанда, тамыры терең тарихтың бүгінмен үндесуіне аталысып, өткен мен келешекті жаңай білген Алтынбек Нұхұлының ерен еңбегі — Ұлы Даланың рухани жаңғыру жолындағы жарқын белес екені сөзсіз.

Әр адамның өмірінде тамыр тартқан топырақ, болашақ дарыған болмыс, жүрекке ұялаған қасиет болады. Қазақ үшін бұл — тектілік ұғыммен астасып жатқан асыл мұра. Сол тектілік қасиетті бойына дарыта білген Алтынбек Нұхұлы ар мен намысты серік еткен, адалдық пен абыройды ту еткен жан. «Туған жерге туынды тік» қағидатын берік ұстанған оның жүріп өткен жолына қарап, артында текті жұрттың табы барын, тамырында терең рухтың жатқанын аңғару қиын емес. Оның әрбір сөзі мен ісінде үлкендік бар, әрбір қаламына елдік салмақ пен терең жауапкершілік жүк болған.

Ол — биікке шықса да, асқақтамаған, ел алдынан алса да, еліпдеп мактанбаған. Мансапты мәртебе емес, жауапкершілік деп түсінген, қызметті — халқына қызмет етудің жолы деп білген адам. Қарапайымдылық — оның шынайы болмысы. Қарапайым бола жүріп, биікке ұмтылды. Биікте жүріп, қара жерден алыстамады. Бұл — адамзатқа тән асыл қасиеттің қазақы болмыспен астасқан нұтқасы. Сондықтан да ол — елге жақын, жұртқа қадірлі, текті елдің ұлағатты ұлы.

Арман ШЕРИЗАТ,
«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты

АЙМАҚ

МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛГІСІ

Рәміздер күні – әр қазақтың жүрегінде отансүйгіштік пен мақтаныштың алауын маздататын мереке. Бұл – Тудың көкте желбіреп, Елтаңбаның төрімізде тұрып, Әнұранның әуелей шырқалатын, елдіктің ең биік тұғырына көтерілер сәті. Осы бір тағылымы терең, рухы асқақ күн қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде мыңдаған іс-шара ұйымдастырылып, ұлттың бірлігі мен берекесін паш етті.

ТӘП-ТӘТТІ ТІЛЕК



Елордадағы 92 мектеп пен 13 қосымша білім беру орталық оқушылары бір мезетте Әнұран орындады. Оған қоса, «Отан қорғаушылар» монументі алдында 100 оқушы күй тартты.

Астанадағы жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымындағы 10 мыңнан астам бала бір мезетте Әнұранды шырқап, рухты көтерді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, басты мақсат – отансүйгіш жас ұрпақ тәрбиелеп, оларды мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға үйрету. Рәміздер күніне орай Алматы ауданы әкімінің аппараты «Алтын домбыра» өнер мектебінің негізін қалаушы Ибрагим Ескендірмен бірлесіп, 100 оқушының қатысуымен салтанатты флешмоб ұйымдастырды.

Жас өнерпаздар «Көк Тудың желбірегені» мен «Отан қымбат» әндерін бірінғай хормен орындап, «Ерке сылқым», «Балбырауын» күйлерін тартты. Сондай-ақ қаладағы №3 балалар музыка мектебінде флешмоб өтіп, 40-қа жуық оқушы патриоттық ән орындап, би биледі. Ұлт құндылығын дәріптеуге үйрететін іс-шара көпке ұнады. Мектеп ұжымы игі бастаманы дәстүрге айналдыруды жоспарлап отыр.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Ұлттық музейде тұңғыш рәмізтанушы, публицист-жазушы, ақын Ербол Шаймерденовті еске алуға арналған «Мемлекеттік рәміздер – елтаным негізі» атты конференция өтті.

РӘМІЗТАНУШЫНЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Кешті Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Геральдикалық зерттеулер орталығы» РММ ұйымдастырды. Алқалы жиын мақсаты – Ербол Шаймерденовтің мол мұрасын насихаттау, мемлекеттік рәміздерге деген терең танымды арттыру. Конференцияға депутаттар, қоғам қайраткерлері, тарихшылар мен жазушылар, сонымен қоса мәдениет саласының қызметкерлері қатысты. Жиында мемлекеттік кеңесші Ерлан Кариннің құттықтау хаты оқылды. «Ербол Шаймерденов саналы ғұмырын еліміздің мәдениеті мен баспасөзінің, тіл саласының өркен жаюына, мемлекеттік рәміздерімізді ұлықтауға арнаған тағылымы зор тұлға, біртуар азамат еді. Ол Елтаңба, Ту мемлекеттік рәміз ретінде қабылданып жатқан кезде комиссия мүшесі болып, кейін рәміздерді зерделеп-зерттеп, саланың дамуына зор үлес қосты», – делінген құттықтау хатта. Іс-шарада Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым жөніндегі комитет төрағасы Нұртөре Жүсіп пен Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдыков тарихи тұлғаның қазақ руханиятына сіңірген өлшеусіз еңбегін атап өтті.



Қатысушылар мемлекеттік рәміздер күнінің мәні мен маңызына тоқталып, тұңғыш рәмізтанушы жайлы естеліктерін айтты. Жиын барысында мемлекет және қоғам қайраткерінің мұрағаттағы бейнефильмі көрсетіліп,

ұлттық нышандар туралы өлеңдері оқылды. Кеш соңында Ербол Шаймерденовтің жұбайы, ұстаз Күләш Шаймерденова жиынға қатысушыларға алғыс білдірді.

А.АЙДАР

Тәу еткен Тәуелсіздігіміздің басты символы – Мемлекеттік рәміздер күні Көкшетауда да кең көлемде аталып өтті. «Менің туым» атты республика көлемінде басталған патриоттық акцияға Елтаңба авторы, белгілі қоғам қайраткері Жандарбек Мәлібеков те қатысып, ел жайлы толғамды ойларын ортаға салды. Қоғам белсенділері, ардагерлер мен әскери адамдар жиналған шараға жалы саны 500-ге жуық адам қатысты.

ЕЛДІККЕ ТАҒЗЫМ ЕТКЕН КҮН

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Шарада Ту тұғыры монументіне көтеріліп баратын баспалдақ жолы мен оның ең жоғарғы нүктесіне дейін еліміздің мемлекеттік Туы орналастырылып, «Орда» этноансамблінің рухты музыкасы ойнап тұрды. Патриоттық акция барысында ту ұстап тұру міндетін Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғаныс академиясының курсанттары мен Көкшетау колледжінің әскери патриоттық клубының мүшелеріне тапсырылды. Жиын басында мемлекеттік Әнұран шырқалып, алғашқы сөз кезегі облыс әкімі Марат Ахметжановқа берілді. Өңір басшысы айтулы мерекенің мән-маңызына



тоқталып, бірқатар облыс мақтаныштарының жеткен жетістіктері мен олардың елеулі табыстарын ерекше атап өтті. –Мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиеті мен мән-маңызын жерлестеріміз халықаралық жарыстарда абыроймен қорғап еліміздің мерейін асқақтатып келеді. Мәселен, биыл өңір спортшылары Қысқы Азия ойындарында 11 медаль иеленіп, Хан Яна мен Арина Крюкова шорт-трек пен биатлон бойынша беделді жарыстардың жүлдегерлері атанды, – деп атап өтті Марат Ахметжанов. Облыс әкімі бүгінде тарихи тұлғаға айналып үлгерген Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібековтің қасиетті Көкше топырағына келіп, салтанатты шараға арнайы қатысқанына ақжарма алғысын білдірді. Қайраткер тұлға Көкше топырағын басып, ежелден ән мен жырдың бесігіне айналған Көкшетауға келіп қалың жұртшылықпен кездесіп отырғанына өзін шынайы бақытты санайтынын жеткізді. – Біз сонау 1992 жылы осы Елтаңбамызды жасағанда халқымыздың бес мың жылдық тарихын ескеріп, көшпелі халқымыздың бар құндылықтарын ескеруге тырыстық. Бүгінде біз жасаған Елтаңба отыз жыл өтсе де, өзінің мән-маңызын жоғалтпай келе жатыр. Себебі ондағы әрбір қолданылған элемент біздің еліміздің біртұтастығын, бірлігін, ынтымағын айқындай түседі деп ойлаймын, – деді Жандарбек Мәлібеков. Шара аясында спорт, білім, шығармашылық және қоғамдық салада еңбек етіп жүрген бірқатар азаматқа облыс әкімінің алғысхаттары мен арнайы сый-сияпаты табысталды. Мереке Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің студенттері мен оқытушылары қатысқан Жандарбек Мәлібековпен кездесу шарасына ұласты.

СЫРДА ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ПАТРИОТТЫҚ АКЦИЯ ӨТТІ

Қызылордада 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай патриоттық акция болды. Облыс орталығындағы Рәміздер алаңында өткен іс-шарада тәуелсіздік ұғымының маңызы кеңінен түсіндіріліп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға баса мән берілді.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Салтанатты шара жергілікті театр әртістері мен облыстық филармонияның аралас хорының және «Ай-Ару» би ансамблінің «Алаштың асқақ арманы» қойылымы мен шымылдығын түрді. Акцияда Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр халқын мерейлі мерекесімен құттықтап, мемлекеттік рәміздердің маңызына кеңінен тоқталды. «Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің

үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Әрқайсымыздың кеудемізге мақтаныш ұялатады», – деген болатын. Рәміздердегі әрбір нышан халқымыздың өткені мен бүгінін бағамдап, келешекке ұмтылған адал ниетімізді, байыпты мақсатымызды айшықтайды. Биыл Мемлекет басшысының бастама-сымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Бұл бастама – тек атаулы жыл емес, қарапайым еңбек адамдарына деген шынайы құрмет», – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Хордың сүйемелдеуімен мемлекеттік Әнұран жанды дауыста шырқалды. Шара барысында жергілікті өнерпаздар патриоттық әндер орындап, 10 автокөлік 35 велошеруші қала көшелерінде шеру ұйымдастырды.

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАЗБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4601
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,